Филология факультеті, шет тілі мамандығы, ИЯ-13-тобының студенті

Халықаралық конференциядан яғұдделі орын!

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2016 жылдың 25-26 ақпанында «Ғылыми таным және ізденіс» атты II халықаралық студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясы өткен болатын.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін халықаралық конференция жұмысына шетелдік және отандық университеттің магистранттары, студент-жастар қатысты. Атап айтқанда, қазақстандық білім алушылармен қатар, Ауғанстан Ислам Республикасы, Өзбекстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасынан келіп еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттер, магистрлар мен тыңдаушылар өз ғылыми жұмыстарын сарапқа салған болатын.

Студенттер мен жас ғалымдардың «Ғылыми таным және ізденіс» атты II халықаралық конференциясы бағдарламасына сәйкес «Тілге құрмет – елге құрмет», «Тарих тағылымы», «Табиғаттың тылсым сырлары», «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты секциялар жұмыс жасады. Пленарлық мәжілісте Ауғанстан Ислам Республикасынан келген Садад Сайд Музамелдің қазақ тілінде жасаған «Көптілділік – бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі» атты және өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының тыңдаушысы Арқабаев Жандостың «Қамшы» сөзінің этимологиялық мәні» тақырыбындағы баяндамалары қызғылықты талданды.

Конференция секцияларында баяндамалар тыңдалып, қызу талқыға түсті. Әсіресе өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің филология және әлем тілдері факультетінен және Қыздар педагогикалық университетінен, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінен, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінен қатысқан студенттердің баяндамалары көпшіліктің көңілінен шықты.

Халықаралық конференцияны өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Дайындық факультеті дайындық кафедрасының жоғары деңгейде ұйымдастырғанын атап өткеніміз жөн.



Секцияларда 130 жас ғалым мен студенттердің баяндамалары тыңдалып, үздік деп танылған жұмыстарға жүлделі орындар берілген. Үздік жұмыстардың қатарында онлайн түрде қатысқан университетіміздің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті Қуандық Жұлдыздың ғылыми мақаласы үздіктер қатарында танылды. «Қадыр Мырза Әлидің «Қызыл кітап» поэмасындағы жануарлар дүниесінің көркем бейнеленуі» атты тақырыптағы қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Бейжанқызы Рита Сұлтанғалиеваның жетекшілігімен жазылған ғылыми жұмысы жүлделі орынға ие болды. Студентіміз бен әріптесімізді жетістігімен құттықтаймыз.

Кәмшат Жұмашева,
қазақ филологиясы кафедрасының магистр-оқытушысы

Болашаққа 100 қадам

Ұлт Жоспары – арманды жүзеге асырар жол

Елбасының 100 қадамы тұрақты өрі гүлденген Қазақстан құруға бағытталған саяси бағытының мызғымастығына негізделген. Елбасы идеясы гүлденген мемлекет, дамыған экономикасы мен жалпыға ортақ еңбек қуаты негізінде жалпыға бірдей бақуатты қоғам құруға бағытталған.

100-қадам Қазақ елінің әлемдік саясаттағы орны мен рөлінің маңыздылығынан туындап отыр. Себебі, еліміз әлемдік саясатта ешқандай үлес салмағы жоқ, экономикасы әлсіз мемлекет болған жағдайда, әлемдік дағдарыстар мен қауіп-қатерлердің елімізге тигізетін әсері де аз болар еді. Қазақ елінің ортаазиялық аймақта жетекші саяси өрі экономикалық державаға айналуы және посткеңестік аймақта жетекші күш болуы, елімізге үлкен ғаламдық міндеттер жүктеп отыр.

Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам еліміздің бірлігін сақтай отырып, болашаққа деген сенімі, халқымыздың асыл арманы, біздің жарқын болашағымыз. Ата – бабамыздан қалған асыл мұрамызды сақтай отырып, ұрпаққа жеткізу жүрегі еліміз деп соққан әрбір азаматтың парызы.

Ұлт Жоспарының 85-қадамында Елбасымыз «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеуді ұсынады. Қазіргі уақыттағы еліміздің алдында тұрған басты мақсат – Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен арманы. «Мәңгілік ел» ұғымы тереңнен бастау алады. Мәңгілік ел мақсаты-түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға. Мәңгілік ел дегеніміз — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Тарихымызға көз жібере отырып, Елбасымыз осы идеяны халқына жария етті. Мәңгілік ел - халқымыздың сан мың жылдарымен терезесі тең, экономикасы гүлденген, өсіп-өркендеген ел болу.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 100 қадамы – бұл әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына


жетудегі ғаламдық қадам. Елбасының 5 институционалды реформасын іске асыруға бағытталған нақты 100 қадамы еліміздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамы жетістігінің басты негізі болып табылады.

Ұлт жоспарының кіріспесінде «100 нақты қадам бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде жаңа тарихи жағдайларда Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары» екені атап көрсетілген. «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру», «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету», «Индустрияландыру және экономикалық өсім», «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» деп аталатын бөлімдерден тұратын ресми құжаттың өн бойында мемлекет дамуының алдағы уақыттағы 100 нақты қадамы айқындалған. «100 нақты қадам» Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, қиын кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын негізгі құжат. Жоспардың негізгі мақсаты проблемаларды анықтап қана қою емес, олардың алдын алу және болдырмау болып табылады.

Бүгінгі күнде Қазақстан - 130 астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп отырған елдің Отаны, түтіні түзу шыққан үлкен шаңырақ. Әлемнің алпауыт мемлекеттерімен тең түсе алатын, жаһандық картадан ойып тұрып орын алған, бірлік пен татулықтың символы болып табылатын ел.

Қазақ халқы қашанда бүгінмен емес, ертеңін ойлап өмір сүрген халық. «Өзім үшін» демей, халқым, балаларым, ұрпағым деп өмір сүрген. Сондықтанда иманды, салауатты, тәрбиелі ұрпақ өсіру қай заманда да басты міндет болып табылды. Бүгінгі жастар – ертеңгі болашағымыз. Егер жастарымыз еңбеккер, білім сүйгіш, ал Елбасымыз кемеңгер болатын болса, онда болашағымыз да жарқын болары сөзсіз. Еліміз қандай белеске шықса да ынтымағы, ауызбірлігі арқасында көз жеткізді. Сондықтан да Мәңгілік ел болуды көзделсе, тәуелсіздігімізді қадірлеп, бірлігімізді сақтай білейік.

Ғайсина Мақпал,
дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы



АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ



Ертеңгі күннің нұрлы да жарқын болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға жетелейтін күш тек білім ғана. Сондықтан да білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру- бүгінгі күннің талабы. Қоғамның дамуын ақпараттық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін ескерсек, әрбір адам бойынан сапалы да терең білім мен кәсіби іскерліктің болуын, сонымен қатар жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етіп отырған заман. Осы орайда физика-математика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2015» мемлекеттік грант иегері Медешева Айгүл Бақтығалиқызы жобалар байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты-ақпараттық технологияларды тереңдетіп оқуда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қызығушылық танытатын жастарды қолдау, дамыту және анықтау болып табылады. Байқаудың шымылдығын бірінші проректор, тарих ғылымдарының докторы А.С.Тасмағамбетов ашты.

Жобалар байқауына қатысуға ұсыныс білдірген отыз үміткердің қатарында жоғары оқу орны мен колледждердің студенттері, қалалық және облыстық мектеп оқушылары, сонымен қатар Ақтөбе қаласынан келген үміткерлер де бар. Жалпы жобалар байқауы «Ендірілетін жүйе» және «Қолданбалы компьютерлік қосымшалар» тақырыптары бойынша екі секция бойынша өтті.

Қазылар алқасының құрамында «Алгоритм» технопаркінің директоры Есекенов Арман Маликович, "BatysIT" ЖШС директоры, университет түлегі Жиенғалиев Арман Куанғалиевич, физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің робототехника үйірмесінің жетекшісі және жаттықтырушысы Дағаров Нұрболат, «Өрлеу» БАҒО БҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы, университет түлегі Накишев Азербай Нурбаевич, «Батыс IT» ЖШС бас маманы, университет түлегі Хамзина Румия Абаевна, Облыстық білім беруді ақпараттандыру және білім сапасының бақылау орталығының білім беру үрдісін ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау бөлімінің басшысы Алыпбаева Саягуль Гадилжановна төрелік етті. Байқаудың талабы бойынша әр секцияға бөлінген үміткерлер әділқазылар алдында ақпараттық технологиялар бойынша дайындаған өз жұмыстарының қоржынын ақтарды.

Байқау нәтижесі бойынша 1- орынды қаламыздағы №7 ЖОББМ оқушылары Бактығалиев Ильдар мен Жанболатова Бекзат, 2-орынды Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің оқушысы Тайманов Аслан, 3-орынды Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетінің студенті Мулдашев Шыңғыс, ал екінші секция бойынша 1-орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Қырықбаев Нұрбол, 2-орынды №38 мектеп-лицейінің оқушысы Самигуллиева Гульшанат, 3-орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Тажжуранов Мейірбек қанжығаларына байлады. Ақпараттық технологияларды дамытуға бағытталған тың, әрі өзекті деп табылған жобалардың жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен сыйлықтар табыс етілді.

Химеденова Зухра Максимовна,
информатика кафедрасының оқытушысы

«БҚМУ КӨКТЕМІ-2016» ФЕСТИВАЛІ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІНДЕ



«БҚМУ көктемі -2016» фестивалі аясында физика-математика факультеті студенттері «Тебіренткен тәуелсіздік көктемі» атты тақырыпта концерттік бағдарлама берді. Концерттік бағдарлама «Жазық дала, аққудың суға қонуы, толқын дыбыстары» бейнебаянымен ұштасқан «Аққу биімен» және өр тұлғалы батыр Махамбетті сомдаған рөлмен ашылды. Кеште қара домбыраны жанына серік еткен студент жастардың орындауында Махамбеттің күйі ойналып, соғыс жайлы сахналық қойылым ұсынылды. Осындай үлкен мән-мағынасы бар рухани азық алатын тәрбиелік кештер әр адамды тек жақсылыққа шабыттандырып, алға жетелесе, екінші жағынан, патриоттыққа тәрбиелейді. «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбындағы көрермен қауымға ұсынылған бейнебаян кімкімді де тебірентпей қоймайды. Сонымен қатар киелі сахнада физика-математика факультеті студенттері «Шындық туралы толғау» термесін орындап, «Купалинка», «Қазақстаным, алға!»

әндерін шырқады. Күмбірлеген тәтті күй мен әуезді әсем әннің әуенінде тербелген кеш қонақтарының көңілі бір серпілді.

Концерттік бағдарлама соңында дәстүр бойынша «БҚМУ көктемі-2016» фестивалі кезегін физика-математика факультетінің деканы Медешева Айгүл Бақтығалиевна және педагогика факультетінің деканы Ерғалиева Гүлжан Алғазықызына табыстады.

«Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді»- деп М.Өуезов айтқандай, оқу мен тәрбиенің шырағын қатар жаққан факультет студенттері Махамбеттің білім ордасында уақыт талабымен ілгері қадам басып келеді.

Жетістік, табыс, өркендеу тілей келе жаңа жетістіктерге жол ашатын, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне үлес қосатын осындай жасампаз студенттер қатарының көбейе беруіне тілекшіміз!

Студенттік деканат

ФАКУЛЬТЕТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

21 апреля 2016 года на физико-математическом факультете Западно-Казахстанского государственного университета имени М.Утемисова проводился конкурс проектов по информационным технологиям среди студентов вузов, колледжей, учащихся школ. Конкурс проводится за счет средств обладателя государственного гранта «Лучший преподаватель вуза», к.п.н., доцента Медешовой А.Б.

Конкурс прошел по следующим направлениям: 1. Встроенная система (конструирование, робототехника, мехатроника); 2. Настольные компьютерные приложения (программные продукты).

С 28.03.2016 г. по 09.04.2016 г. проходил отборочный тур, в ходе которого рассматривались представленные работы участников. По итогам работы конкурсной комиссии было отобрано около 30 работ, которые рассматривались в итоговом туре.

По итогам работы первой секции определены следующие победители:

1 место – Бактығалиев Ильдар Канатович, Жанболатова Бекзат Жанболатовна, СОШ №7 г.Уральск. (Тема проекта: «Космические марсоходы KazMarshana примере информационных устройств робототехнических систем»).

2 место – Тайманов Аслан Аскарлович, школа-лицей №38 им.А.Молдағұловой г.Уральск. (Тема проекта: «Разработка конструирование космического дрона для дистанционного зондирования земной поверхности»).

3 место – Мулдашев Шыңғыс Галимжанович, ЗКГУ им.М.Утемисова. (Тема проекта: «С-1»).

По итогам работы второй секции определены следующие победители:

1 место – Қырықбаев Нұрбол Мұсаұлы, ЗКГУ им.М.Утемисова. (Тема проекта: «Электронды ғылыми шығармашылық орта құру»).

2 место – Самигуллиева Гульшанат Жардемиевна, школа-лицей №38 им.А.Молдағұловой г.Уральск. (Тема проекта: «Моделирование гравитационного взаимодействия в квантовой физике»).

3 место – Тажжуранов Мейірбек Ерланұлы, ЗКГУ им.М.Утемисова. (Тема проекта: «Ұлттық нақыштағы «Шаңырақ» смартфон»).

СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ САФАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Адам-белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады, бірақ ол жеке адам емес. Өйткені онда тәжірибе, білім, іс-әрекет, т.б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүниетанымынан, сенімінен, талғам мұратынан, бағытынан, қабілеті, қызығуынан жақсы байқалады.

...Адамды оқыту- екі жақты үдеріс. Онда оқытушы мен оқушының (студент) өзара ынтымақтастық іс-әрекеті жүзеге асады. Оқыту оқушы бойына жалпы адамзаттық, ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды жинақтайтын білімді адам дайындауға бағытталуы тиіс.

Қазақстанда жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу белгілі кезеңге дейін Жастар саясаты бағдарламасы ауқымында жүзеге асырылып келді. Аса маңызды әлеуметтік жобаларды қолдау үшін түрлі жастар ұйымдарының патриоттық тәрбие шараларына қомақты қаржы бөлінуде. Өскеден ұрпақты отансүйгіш етіп тәрбиелеуде балалар мен жастардың қоғамдық қозғалыстары, ұйымдары мен шығармашылық одақтары ерекше орын алатынын ұмытпауымыз керек. Қазақстан тәуелсіздігін баянды ету үшін жас ұрпақты шынайы патриоттар етіп тәрбиелеудің мәні зор екендігіне дау жоқ.

Мектепте оқушыларға тарихтың мәнін ғана меңгертіп қоймайды, өз елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, Отанға деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін ісімен көрсеткен аға ұрпақтың ерлігін насихаттай отырып, бүгінгі күнге лайық іс істеп, тарихта өз орнын қалдыруға баулиды. Мұндай істер сынып жетекшілерінің тәрбие сағаттарында, сыныптан тыс шараларында қарастырылады. Мысалы, Ұлы Отан соғысының батырларына арналған мәңгілік алау немесе мемориалдық тақталар мен ескерткіштер барлық елді-мекенде болуы нәтижесінде деген сұрақтарға жауаптар тек тәрбие сағаттарында ғана емес, тарих сабақтарында, кездесулерде, теледидар, радиобағдарлар арқылы, мұражайларға экскурсияларда, ардагерлер отбасындағы әңгімелерде жүреді.

Мектептегі болашақ тәрбиеші, мұғалім педагогикалық оқу орындарында білім алып, бойына кәсіби педагогикалық құзыреттерді сіңіреді. Сол себепті оқытушылар, кураторлар өз шеберліктерін студенттерге үйретіп, баланың патриоттық сезімін қалыптастыру жолдарын айқын көрсетеді.

Педагогикалық оқу орындарында тәрбие сағаттарын ұйымдастыру әдістемесі оқытылады. Бұл сабақта патриоттық тәрбие берудің

21 сәуір күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің физика-математика факультеті ЖОО, колледж студенттері, мектеп оқушылары арасында ақпараттық технологиялар бойынша жобалар байқауын өткізді. Байқау «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, п.ғ.к., доцент А.Б.Медешованың есебінен өткізілді.

Байқау келесі бағыттар бойынша жүргізілді: 1. Ендірілетін жүйе (конструкторлеу, робототехника, мехатроника); 2. Қолданбалы компьютерлік қосымшалар (бағдарламалық өнімдер).

2016 жылдың 28.03. 09.04.аралығында қатысушылардың тапсырылған жұмыстары қарастырылған іріктеу кезеңі өтті. Байқау комиссиясы жұмысының қорытындысы бойынша келесі кезеңге 30 шақты жұмыс іріктелініп алынды.

Бірінші секция жұмысының қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

1 орын – Бактығалиев Ильдар Канатович, Жанболатова Бекзат Жанболатовна, №7 ЖОББМ (Тақырыбы: «Робототехникалық жүйелердің ақпараттық құрылғылары мысалындағы Марс зерттеуші»).

2 орын – Тайманов Аслан Аскарлович, Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі (Тақырыбы: «Жер бетін қашықтан алдын-ала тексеруге арналған ғарыштық дронды дайындау және құрастыру»).

3 орын – Мулдашев Шыңғыс Галимжанович, М.Өтемісов атындағы БҚМУ. (Тақырыбы: «Кез келген өндірісте қолданылатын С-1 құрылғысы»).

Екінші секция жұмысының қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

1 орын – Қырықбаев Нұрбол Мұсаұлы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ. (Тақырыбы: «Электронды ғылыми шығармашылық орта құру»).

2 орын – Самигуллиева Гульшанат Жардемиевна, Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі (Тақырыбы: «Кванттық физикадағы гравитациялық өзара әсерлесуді модельдеу»).

3 орын – Тажжуранов Мейірбек Ерланұлы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ. (Тақырыбы: «Ұлттық нақыштағы «Шаңырақ» смартфон»).

мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мынадай тақырыптық сабақтардың «Қазақстанның жеті кереметі», «Тәуелсіздік - тағдыр сыйлаған ұлы бақыт», «Қайраттың інілері мен Лаззаттың сіңілілері», т.с.с. тақырыптық кураторлық сағаттар, «Менің өскен жеріммен таныс болсаңды...» деген танысу сабақтары, т.б. әдістемелері қарастырылады.

Студенттердің саясаттан қалыс қалмай, білім беру жүйесін дамыту жолдарын жетілдіру және оны болашақта әдістемелік тұрғыдан негізге ала отыруға тәрбиелеу үшін өткізілген «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақты бағамыз бен шамамызға қарап ойнайық» атты куратор сағатын айтуға болады. Оның маңызы: студенттерді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына арналған Жолдауымен таныстырып, жалпы түсінік беру; студенттердің жолдау туралы алған білімдерін сұрақ қою арқылы саралау; олардың ой-өрісін дамыту.

Куратор сағатын өткізу барысында студенттердің өз еліне деген патриоттық сезімін дамытып, өз елінің адал азаматы болуына баса назар аударылады.

Осындай үдерістерде студенттердің ақыл-ойы, танымы, білігі мен құзыреттілігі қалыптасады. Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметтің біздің өміріміздегі маңызын студенттерге түсіндіре отырып, олардың бойындағы Отанын сүю, үлкенді сыйлау, ерлікті құрметтеу қасиеттерін біздің көздейтін мұндай кураторлық шаралар пәндік сабақтармен ұштасуы, студенттік өзін-өзі басқару ұйымымен бірге жүргізілетін жұмыстармен байланыстырылуы қажет. Студенттер үшін ерлік ең алдымен, өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді молайту, мәдениетті болу және жақсы оқу. Өрбір адам өмірі өз алдына жеке тарихи парақтардан тұрады, алайда барлық адам бірдей емес. Сол себепті тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбегі барша жұртқа үлгі болса, кейбір тұлғалар өз әулетіне үлгі. Студенттердің барлығы ерлік жасамағанды, бүгінгі күннің ерлігін түсінуі тиіс. Сонымен қатар, студенттер болашақта сынып жетекшісі ретінде тәрбие сағаттарын жоспарлап, өткізуі үшін мұндай шаралардың тиімділігі мол. Сол сияқты студенттердің өздері тақырыптық тәрбие сағаттарын өткізіп, жобалық жұмыс ретінде топ алдында қорғайды.

Нағыз парасатты адамдар ғана туған елінің, өз ұлтының шынайы патриоттары бола алмақшы.

Иксебаева Жанна Сагинтаевна,
физика-математика факультеті
деканының орынбасары

Олимпийские успехи университета

В 2015-2016 учебном году при поддержке ректората студенты ЗКГУ им. М.Утемисова приняли активное участие в республиканских предметных олимпиадах, которые проходили в марте-апреле 2016 года. В этом учебном году профессорско-преподавательским составом университета были подготовлены 56 студентов и 17 студенческих команд по 16 специальностям: 5B060800-«Экология», 5B011600-«География», 5B011200-«Химия», 5B011300-«Биология», 5B010900-«Математика», 5B020500-«Филология», 5B010200-«Педагогика

и методика начального обучения», 5B010800-«Физическая культура и спорта», 5B020300-«История», 5B030100-«Юриспруденция», 5B041700-«Декоративное искусство», 5B040900-«Хореография», 5B090600-«Культурно-досуговая работа», 5B091000-«Библиотечное дело», 5B010700-«Изобразительное искусство и черчение», 5B040400-«Традиционное музыкальное искусство».

По итогам участия в республиканских предметных олимпиадах студенты ЗКГУ им. М.Утемисова заняли 9 призовых мест в

командном зачете и 9 призовых мест в личном зачете. 2 студента были награждены дипломами в номинации «Ең үздік тест» (специальность 5B020500-«Филология»: казахский язык) и в номинации «Лучший спикер» (специальность 5B030100-«Юриспруденция»). В командном зачете первые места заняли студенты специальностей 5B090600-«Культурно-досуговая работа» и 5B010800-«Физическая культура и спорта»; второе место заняли студенты специальности 5B091000-«Библиотечное дело»; третье место заняли студенты специальности 5B020500-«Филология»: русский язык, 5B010200-«Педагогика и методика начального обучения», 5B020300-«История», 5B040900-«Хореография», 5B010700-«Изобразительное искусство и черчение», 5B040400-«Традиционное музыкальное искусство». В личном зачете призовые места заняли студенты следующих

специальностей: 5B010800-«Физическая культура и спорта», 5B011200-«Химия», 5B020300-«История», 5B041700-«Декоративное искусство», 5B011600-«География», 5B020500-«Филология»: русский язык, 5B040900-«Хореография».

21-24 апреля 2016 года в Казанском федеральном университете (г.Казань, Россия) проводилась международная студенческая олимпиада по педагогическим специальностям. В этой международной студенческой олимпиаде принимали участие 4 студента (Чернышова Д., Рыскалиева Э., Мельниченко А., Султанова А.) специальности 5B012300-«Социальная педагогика и самопознание». По итогам олимпиады студенческая команда ЗКГУ им. М.Утемисова заняла 3 место. Руководитель команды ст. преподаватель Кусенова Л.П.



Табиғаттың бар аясын аралар, түркі тілдес дала халқы сахалар!



Әр елдің салты басқа демекші, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, ән-жыры, ұлттық тағамы болатыны анық. Міне, осындай басқа елдердің таңғажайып қызықтарын зерттеп, оларға өз көзімізбен куә болу мақсатында «Бірлігіміз жарасқан, тәуелсіз ел - Қазақстан» атты Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған фестиваль аясында «Табиғаттың бар аясын аралар, түркі тілдес дала халқы сахалар» атты салт-дәстүрлік шара өткіздік. Шарамыз Саха Республикасының тұрмыс-салтынан ақпарат беретін арнайы дайындалған бейнетаспамен ашылды. Одан кейінгі кезекте осы елдің үйлену салтынан көрініс көрсетіліп,

ұлттық тағамдарының дайындалу жолдарымен таныстырылды. Саха елінің ұлттық биін билеп, Ысыях ұлттық мерекесінен үзінді көрсеттік. Шарамазды қорытындылау мақсатында Мәдениет және өнер факультетінің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы мен жетекшіміз Жұмағалиева Гүлжазира Ермеқызына сөз берілді. Таңғажайып сырға тұңған саха еліне жол тартқан саяхатымыз «Балыхтах» халық әнімен аяқталды.

Кенжеғалиева Алина,
мәдени - тынығу жұмысы
мамандығының 2-курс студенті

Факультет көшбасшысы



Сәуірайының 22 жұлдызы күні «Мәдениет және өнер» факультетінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Факультет көшбасшысы» атты зияткерлік сайыс өткізілген болатын. Сайыс 1 және 3-курс студенттері арасында топтық түрде өтті. Жалпы бұл зияткерлік сайыстың мақсаты студент жастардың жан-жақты білімдерін тексеру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау, таным әрекетін қалыптастыру, алған білімді тексеру, белсенділігін арттыру сияқты қасиеттерді шыңдау болатын. Сайыс мазмұны Қазақстан Республикасының тарихы мен университет және өлкеміздің тарихын тану бағытында болды. Зияткерлік сайысқа МТЖ

мамандығының студенттерінен құралған «Болашақ» тобы мен музыкалық білім мамандығының студенттерінен құралған «Ұлы қыран» тобы, кітапхана ісі мамандығының студенттерінен құралған «Бірлік» тобы және деканаттың белсенді студенттерінен құралған «Келешек» тобы қатысып, «Бәйге», «Жорға», «Доода» атты үш айналым бойынша бақ сынасты. Әділқазы мүшелері сайысты саралап, нағыз жүзден жүйрік топты анықтады. Төрт команда арасында үш айналым бойынша үздіктердің үздігі болған МТЖ мамандығының студенттерінен құралған «Болашақ» тобы болды. Жетімпаз топ университетішілік деңгейде өтетін сайысқа жолдама алды, ал қалған қатысушы топтарға дипломдар мен алғыс хаттар табыс етілді. Зияткерлік сайыс жоғарғы деңгейде өтті. Қатысушы

топтар өздерін нағыз көшбасшы ретінде көрсете білді.

Бекмуратова Арай
МТЖ мамандығының
3-курс студенті

Жаны жайсаң – Әзірбайжан!



Сәуір айында «Мәдениет және өнер» факультетінде «Бірлігіміз жарасқан тәуелсіз ел - Қазақстан» атты Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған фестиваль аясында «мәдени - тынығу жұмысы» мамандығының 2-курс 11208-топ студенттері апталық өткізген болатын. Апталық аясында «Жаны жайсаң – Әзірбайжан» атты салт-дәстүрлік шара өтті. Шарада әзірбайжан ұлты туралы бейнеролик, ұлттық биі мен әні, тіпті көрермендер қатыстырылған ұлттық ойыны да ойнатылды. Бейнероликте әзірбайжан ұлтының мәдениеті мен ұлттық тағамдары

таныстырылып, ақпарат берілді. Әзірбайжан ұлтының ұлттық қыз ұзату дәстүрі көрсетіліп, мәдениеті насихатталды. Тау халқының «Түстер сыры» ұлттық ойыны ойнатылды. Бұл ойында көрермендер арасынан 3 адам ортаға шығарылып, жұмыртқаны әр түрлі түске бояу арқылы, өздерінің психологиялық мінездемесін білуге мүмкіндік алады. Әдеп-ғұрпы мен салт-санасы толықтай көрсетілген бұл шара көрермендер көңілінен шыға білді.

Мақала авторы: А.Қайратқызы

Тәрбиемен басталатын ошағы, Кәріс елі – ізгіліктің отаны!



Сәуір айында «Мәдениет және өнер» факультетінде «Бірлігіміз жарасқан тәуелсіз ел - Қазақстан» атты Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған фестиваль аясында «мәдени - тынығу жұмысы» мамандығының 2-курс 11208-топ студенттері апталық өткізген болатын. Апталық кезінде «Тәрбиемен басталатын ошағы, Кәріс елі – ізгіліктің отаны!» атты салт - дәстүрлік шара бір қойылым негізінде өткізілді. Бұл шара кәріс елінің салт-дәстүрімен таныстырумен қатар, кәріс елінің ізгі, асыл қасиеттерін алуға насихаттайды. Кәрістердің тәрбиелі мәдениетін алға тарта отырып, ата-анасын

болашақ келіндерімен таныстырған Пак әулетінің отбасылық өмірі көрсетілді. Келіні мен енесі «Рамён» тағамын жасап, ұлттық тағамды көрерменге таныстырады. Онымен қоса Кәріс ұлттының әні мен биі көрсетілді. Кәріс елінің ақпараты бейнеролик арқылы беріліп, көрермендерге қызықты ақпараттар таратылды. Кәріс елінің салт - дәстүрі, мәдениеті, өнері көрсетілген бұл шара - көрерменге Кәріс еліне сапар сыйлады.

Ұйымдастырушы, мақала авторы:
З.Б.Таулина, А.Е.Қуанышева

Фестиваль шамшырақтары

Ағымдағы жылдың 14-15 сәуір күндері қаламызда жаңадан ашылған Достық үйінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттер кәсіподағы және «Жас Отан» ЖҚ БҚОФ қолдауымен және «Достық» студенттік клубының ұйымдастыруымен «Бірлігіміз жарасқан егемен елдің ұланы» фестивалі болып өтті. Аталмыш шараға ЖОО және АОО «Достық» клубы студенттері қатысқан болатын. Өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрін, соның ішінде өз және би өнерін танытып, қамтып мақсат еткен шара ұйымдастырылуы фестивалдің өз деңгейінде өткенін атап өтті.



Фестивальдің алғашқы күні ашылу салтанатынан бастау алып, ән байқауынан жалғасын тапты. Байқауда М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенті Қазбаева Гүлмира, Құрманғазы атындағы саз колледжі студенті Алдашева Жұлдыз және Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі студенті Камешева Гүлнұр өз бағын сынады. Белгілі бір ұлттың әнін нақышына келтіріп орындай отырып, жан дүниесімен сезіне білу арқылы жанды дауыста көрермендерге жеткізе білу әншінің басты міндеті еді.

Екінші күні би байқауы оздырылды. Байқаудың шарттарымен толықтай таныс болған қатысушыларымыз ұлттық бидің салт-дәстүрдің ажырамас бөлігі екенін көрсете білді. Ең алғаш болып өнер көрсеткен Құрманғазы атындағы саз колледжінің «Инабат» би ансамблі татар биін нақышына келтіріп орындап берді. Орыс биімен талайды тамсандырған М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттерінен құралған «Арна» би ансамблі керемет өнер көрсетті. Ал Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі студенттерінің ұйғыр биі көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Шығыс биін сәніне келтіріп орындағы БҚИТУ студенті Давлетова Айзаданың би байқау шарттарына сай емес деп көрсетілді.

Байқау соңы марапаттау рәсімімен жалғасқан болатын. Осы орайда алғашқы күні болып өткен ән байқауы бойынша байқауға қазылық еткен әділқазы алқасының шешіміне сәйкес I орынға лайықты орындаушы болмады. Ал француз әнін орындаған Қазбаева Гүлмира жүлделі II орынды иемденді. Ал Алдашева Жұлдыз III орынға ие болса, Камешева Гүлнұрға белсене қатысқаны үшін алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етілді. Би байқауын қорытындылай келе әділқазы алқасы бір ауыздан «Арна» би ансамблін үздік деп таныды. Ал екінші орынды «Инабат» би ансамблі қоржындарына байласа, қалған қатысушыларға белсене қатысқандары үшін алғыс хаттар табыс етілді. Қатысушыларға дипломдар мен алғыс хаттармен қатар фестивальге демеушілік көрсеткен «Жас Отан» ЖҚ БҚОФ және «Fortide» карталық системасының сыйлықтары табыс етілді. «Дарынды ұрпақ - өзінің тағдырын түсінетін ұрпақ», - деп Елбасымыз айтқандай, еліміздің ертеңі - жастар. Біздің бүгүніміз - айқын, жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басудамыз. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан егемен еліміз гүлдене берсін!

Зарина Ихсанова,
студенттік «Достық» клубының жетекшісі

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман»

Так говорили в старину казахи об эпохе покоя и процветания. Это время, когда тучные стада домашнего скота спокойно паслись на богатых травой пастбищах, а жаворонки прямо на спинах овец в густой шерсти свивали гнезда и высиживали яйца. И ничто не могло потревожить это благоденствие.

Олжас Айкалиев, студент 3 курса специальности «Декоративно-прикладное искусство», впервые участвовал в Республиканской предметной олимпиаде среди студентов вузов. Олимпиада для студентов данной специальности проходила в Алматы в Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова. Тематика заданий была посвящена 25-летию независимости Казахстана. Жюри участник должен был показать два варианта рисунка – черновой (черно-белый набросок) и цветной, композиция рисунка замкнутая с ограниченным количеством деталей.

Как нарисовать независимость родины? Что видит художник, когда говорит о таких абстрактных понятиях? Многие участники пошли наиболее простым путем, изобразив символы современного Казахстана – Байтерек, небесные тона национального флага. Олжас заглянул чуть дальше в историю казахского народа, из глубин народной памяти выудив сюжет своей картины.

На колесе арбы, символизирующей жизнь, вечное движение времени, лежит овца. Скот для казаха – это источник благополучия, достатка. Жаворонок – веселая степная птица, первая несущая весть о весне, – свил гнездо на спине спокойно дремлющего животного. Домбрыра – вечная спутница кочевника, которой он доверял свои самые сокровенные мысли, вместе с ней переживал минуты радости и горести. И над ними раскинулось дерево, на ветвях которого в память об ушедших в вечность казахи завязывали ленточки. В картине соединилось в одно целое жизнь и бренность бытия, бесконечность и мгновение счастья. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман»...

«Я попытался выразить в своей работе все, что было сделано предками для нынешнего спокойствия и стабильности, – говорит о своем видении задания Олжас.

Он очень скромно, искренне удивляясь тому, что его творчество было так высоко оценено строгим жюри, присвоив ему второе место. Всего



в олимпиаде соревновались 13 участников, в том числе таланты из самой «жургеновки». Жюри оценило, прежде всего, креативность и оригинальность сюжета, а также высокое мастерство студента.

Олжас Айкалиев – будущий ювелир, работает по металлу. Свою будущую профессию определил еще в школе – в малой академии искусств г. Атырау.

«Призовое место в олимпиаде – большое достижение не только для Олжаса, но и для всего университета, поскольку наш университет впервые участвует в олимпиаде по специальности «Декоративно-прикладное искусство». Говоря молодежным сленгом, это круто! – поделилась впечатлениями от участия в олимпиаде старший преподаватель кафедры «ИЗО и дизайн», магистр Эльвира Елемесовна Файзуллина, руководитель команды ЗКГУ на олимпиаде. – Олимпиада собрала студентов, обучающихся по специальности «Декоративно-прикладное искусство», «Дизайн», «Живопись», «Скульптура», «Станочная графика». Олимпиада длилась всего один день, но организаторы смогли составить культурную программу для участников и руководителей. Мы посетили выставки Сауле Балановой, Бейбита Асемкула «Бесконечность». Думаю, что эта поездка вдохновит Олжаса на новые творческие победы.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

Здоровый образ жизни как фактор профилактики социальной деструкции современной казахстанской молодежи

Важнейшим показателем благополучия общества и одним из факторов национальной безопасности государства является здоровье человека. В Послании Главы Государства не случайно отмечено: «Здоровый образ жизни и принцип солидарной ответственности человека за свое здоровье – вот что должно стать главным в государственной политике в сфере здравоохранения и повседневной жизни населения».



Современная казахстанская молодежь – это будущее нашей страны. Сегодняшние школьники и студенты скоро станут одной из движущих сил нашего общества. Именно от них будет зависеть его динамика, его конкурентоспособность. Но действительно конкурентоспособной может стать лишь здоровая нация, здоровая и физически, и

духовно...

По официальным данным статистики, за время обучения в школе с первого по восьмой класс число здоровых детей в 3-4 раза становится меньше, а к концу обучения 84-88% выпускников имеют разные отклонения здоровья. Растет количество курящих табак и потребляющих наркотические вещества. Объясняется это не столько социально-экономическими проблемами (68-70% молодежи, подверженной данным порокам, выходцы из благополучных и обеспеченных семей), а скорее неправильной организацией свободного времени молодежи, ориентацией ее на проведение праздного, нездорового образа жизни.

Медико-биологические исследования, проводимые регулярно в данной области, свидетельствуют: объем недельной двигательной активности школьника должен составлять 8-12 часов (то есть, даже при условии проведения 3 уроков физической культуры, этих нагрузок ему явно недостаточно).

Формирование основ «Здорового образа жизни» стало главной идеей в программе по молодежной политике. Организованный досуг молодежи и массовый спорт – основные средства борьбы против гиподинамии, пьянства, наркомании. Под патронажем Западно-

Казахстанского государственного университета и Ассамблеи народа Казахстана ЗКО проводились мероприятия по рекреативно-оздоровительной работе среди студентов. Физкультурно-спортивная деятельность студентов в нашем вузе представлена в обязательных учебно-спортивных

занятиях, проведение соревнований по различным видам спорта студенческих и преподавательских спартакиадах. Наши студенты представлены в сборных командах Казахстана по единоборствам, боксу, шорт-треку, волейболу.

Устойчивое социально-экономическое развитие Казахстана, достигнутые им успехи по обеспечению политической стабильности, межнационального и межрелигиозного согласия в условиях полиэтничного и многоконфессионального сообщества вызывают естественное уважение во всем мире. В тоже время развитие спорта, в том числе и спорта высших достижений, состояние массовой физической культуры, пропаганды основ знаний по здоровому образу жизни не соответствуют международному статусу Республики Казахстан.

В связи с этим хотелось бы обратить внимание на три следующих момента. Во-первых, важно понимать, что занятие спортом необходимо не только для укрепления физического здоровья как такового. Не зря еще древние мыслители говорили: «В здоровом теле – здоровый дух». Не секрет, что подверженность всякого рода девиациям, в том числе участие в деятельности экстремистских, террористических организаций часто обусловлены психологическими проблемами, в первую очередь сильно выраженным комплексом неполноценности, т.е. неким неврозом, душевным нездоровьем... Занятие спортом может помочь минимизировать негативное воздействие этого комплекса. Ощущение своего физического здоровья, пусть небольшие, но лично достигнутые спортивные успехи помогают человеку обрести уверенность в себе, позволяют ему чувствовать свою полноценность, состоятельность и соответственно делают его более адекватным.

Во-вторых, следует иметь в виду, что наличие мощной материально-технической и учебно-методической базы является важным, но не самым главным условием эффективного развития массового спорта. Нужны хорошо оснащенные и, причём, доступные стадионы, бассейны, спортзалы и спортплощадки, нужен надёжный современный спортивный инвентарь, квалифицированные преподаватели и тренеры и т.д. При этом должна проводиться работа по

формированию интереса к спорту, потребности и желания заниматься физкультурой. Снижение уровня занятия спортом не всегда связано с развитием интернета и различного рода гаджетов, поскольку он стал заметно снижаться ещё до того, как компьютеры, мобильные телефоны и прочие высокотехнологичные девайсы получили у нас массовое распространение, а кафе и ночные клубы стали расти как грибы после дождя... Поэтому нужно систематически работать над тем, чтобы вернуть спорту былую привлекательность, добиться того, чтобы в системе ценностей современной молодежи спорт и в целом здоровый образ жизни заняли приоритетные позиции.

В-третьих, важно не допустить того чтобы активная пропаганда здорового образа жизни, популяризация массового спорта, развитие спортивной инфраструктуры использовались в своих целях различными деструктивными организациями, в том числе религиозными экстремистами.

В целом же решение всех упомянутых выше задач требует надёжного информационно-аналитического обеспечения всего комплекса воспитательной работы с молодежью. Для этого необходимо на разных уровнях и с использованием различных средств вести мониторинг процессов, идущих в молодежной среде.

Всё это представляется весьма важным, поскольку профессиональная компетентность современного специалиста предполагает наличие у него не только определённых знаний, умений и навыков, но и соответствующих духовных ценностей и физического здоровья.

Казахстану сейчас очень нужны не просто хорошо обученные и ориентированные на достижение жизненного успеха профессионалы, а ещё и патриоты, физически, морально и психологически развитые носители гражданской политической культуры, которые тесно связывают своё будущее с будущим своей страны, своей Родины.

Салов В.Ю., д.п.н.,
профессор, зав.кафедрой
Ассамблеи народа Казахстана

Студенческие олимпиады – старт большого успеха!

Студенческая жизнь наполнена многими событиями. И каждое событие – шаг в познании своей будущей профессии. И главное на этом этапе – получить достойную оценку своим знаниям, тем самым доказав состоятельность вуза, который эти знания дает.

Предметные олимпиады традиционно проходят в ведущих вузах страны. Участие в них считается престижным, а призовые места сравнимы с победами в собственном Олимпиаде.

В этом учебном году было подготовлено 17 команд по 16 специальностям. Большая ответственность легла на плечи руководителей команд и на кафедры в целом для создания атмосферы психологического комфорта участников олимпиад. Студенты показали на олимпиаде не только приобретенные навыки, но и знание теоретического материала.



Астана қаласындағы Қазақ Гуманитарлық Заң университетінде «Құқық» мамандықтары бойынша республикалық олимпиада өтетіні естіп, факультетіміздің 5 студенті оқу ордамыздың намысын ту етіп, Елордаға қарай жол тартты. Жол бойындағы қазақтың Сарыарқадай кең даласы әр қазақ баласына сенім сәулесін ұялатып, жеңіске жетуге деген құлшынысты арттыра түсті. Астана вокзалына түскен кезде ұйымдастырушы университеттің студенттері бізді қарсылап алып, пәтерге орналастырды. Келесі күні олимпиада басталып кетті.

Олимпиада 2 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңді тест түрінде тапсырсақ, екінші кезеңде ауызша теориялық сұрақтарға жауап беру мен жағдаяттарды

шешу болды. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған студенттердің санында шек жоқ. Аламан бөйгеге 21 команда қатысты. Барлық білім мен алғырлық, тапқырлық пен шешендік сыналды. Уайым мен қорқыныш, рух пен жігердің нәтижесінде БҚМУ командасы алғашқы бестіктен көрінді.

Одан бөлек Астананың көрікті жерлерін араладық. Бас қаланың сәулеті, ғимараттары мен әдемілігі көз қуантады. Қала күннен-күнге кеңейіп, көркеюде. Бізден көп үміт күткен оқытушыларымыз, студенттер қауымына факультетіміздің білім дәрежесінің жоғары да сапалы екенін тағы бір дәлелдеп көрсеттік. Жарыс соңында барлығымызға сертификат табысталды. Басқа өңірдің студенттерінен ерекшеленетіндей мерекелік мантия киген бізге олар таңдана да қызыға қарады.

Сұрақтардың қиын, бірақ нақты жауапты талап еткеніне, уақыттың тығыз болғанына қарамастан командамыздың білімділігі мен бірлігінің арқасында жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Алдағы уақытта бұдан да биік жетістіктерден көрінетінімізге көміл сенеміз. Арман мен үмітті ұштастырған, болашаққа үміт отын жаққан бұл сапарым студенттік кездің ең ғажайып, ұмытылмас сәттері болып қала бермек.

Назерке Тұрарбек,
тарих, экономика және құқық факультеті
«Құқықтану» мамандығы
08201-топ

Шығармашылықтың шыңы



2016 жылдың 31 наурыз – 01 сәуір айы аралығында М.Ауезов атындағы ОҚМУ-да ұйымдастырылған VIII республикалық ЖОО арасында өткен студенттердің республикалық пәндік олимпиадасында БҚМУ студенттері «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы бойынша жүлделі 1-орынды иеленсе (жетекшісі Абуова Р. С.), «Кітапхана ісі» мамандығының студенттері II орынды (жетекшісі Жардеммова М. Г.), Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде өткен ЖОО студенттерінің республикалық пәндік олимпиадасында «Хореография» мамандығының студенттері III орынды (жетекшісі Айтқалиева Қ. Д.), Көкшетау қаласында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде өткен олимпиадада «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының командасы III орынды иеленсе (жетекшісі Тлеуханов Н.), Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында өткен ЖОО студенттерінің республикалық пәндік олимпиадасында «Сәндік өнер» мамандығы бойынша жүлделі 2-орынды (жетекшісі Файзуллина Э.Е.), «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша жүлделі 3-орынды (жетекшісі Ергалиева А. Т.), Саратов қаласында өткен «Наследники традиции» атты Халықаралық байқаудан «Қорған» тобы Гран-При, Оренбург қаласында өткен Халықаралық На Николаевск байқауынан «Вокалдык өнер» мамандығының 4-курс студенті Қанатқалиев Алтынбек 3-орынды

иеленді.

Алғашқы оқу жылы, алғашқы олимпиада, алғашқы жеңіс

Университет қабырғасына келген мен үшін алғашқы оқу жылы өте табысты әрі жеңіске толы болды. Оқытушыларымыздың қажырлы еңбегі мен тынбас дайындығының арқасында Шымкент қаласында өткізілген VIII Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысып, университет намысын қорғау бағына ие болдым. М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі білім додасы 31 наурыз бен 1 сәуір аралығында өткен болатын. Олимпиада екі айналымнан тұрды. Бірінші айналымда білімдегі ұшқырлығымыз сыналса, екінші айналым бойға біткен талантымызды көрсетер қойлым қойдық. Сайыс қортындысы бойынша оқ бойы озық шықтық. Әр қаладан жиналған дүлдүлдер арасында, бағы мен бабы қатар шапқан «Жұмыр қылыш» командасының асығы алшысынан түсті. Командамыздың аты затына сай екенін дәлелдеп, жұдырықтай жұмылып, қылыштай қайсарлықпен дүйім жұртты таң қалдырдық. Олимпиада нәтижесі бойынша туған қаламызға жүлделі I орынды қанжығалай келдік.

Гүлсая Жетпісбай,
МТЖ, 1-ші курс студенті

2016 жылғы сәуір айының 14-15 күндері Ақтөбе қаласында «Филология: қазақ филологиясы» мамандығы бойынша республикалық пәндік олимпиада өтті. Оған республиканың 11 жоғарғы оқу орнынан команда қатысты. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен ф.ғ.к., доцент Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызының жетекшілігімен команда қатысып қайтты. Команда құрамында: Зайра Абилова, Ғазез Нәзік, Төлепқалиева Дариға. БҚМУ командасы үздік білім көрсеткішін көрсеткені үшін «Үздік тест» номинациясын жеңіп алды.

7-8 сәуір аралығында Қарағанды қаласындағы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оздырылған 5B020300 - Тарих мамандығы бойынша VIII Республикалық олимпиадасына М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті атынан «Махамбет ұрпақтары» командасы іс-сапарға жіберілген болатын. Ғылыми жетекшісі ретінде магистр Г.Ю.Айбекова бекітіліп, олимпиадаға қатысушылар 07203- топ студенті Дүзбасова Айдана, 07203- топ студенті Сагинтаев Султан, 07303- топ студенті Қатарова Рысқұл және топ басшысы 07403- топ студенті Абзалов Ернар, яғни барлығы 4 студент арнайы дайындықпен жолға шықтық.



2016 жылдың 6 сәуірінде кешкі поезбен Қарағанды қаласына жеттік. Олимпиадаға барған біздің студенттерді вокзалдан Археология, этнология және Отандық тарих кафедрасының меңгерушісі Өскенбаев Қанат Сәдуақасұлы құшақ жая қарсы алды. Бізді университет профлакториясына орналастырды. 7 сәуір күні Қарағанды мемлекеттік университетінің 3-оқу корпусына тарих факультетіне келдік.

Алдымен тобымызды тіркеп, бағдарлама бойынша Олимпиаданың ашылу салтанатын қатыстық. Олимпиаданың шымылдығын факультет

деканы Смағұлова Динара Мұратбековна ашып, Олимпиада қатысушыларына ақжол тіледі. Сондай-ақ, әділдікті ту еткен әділ-қазылар алқасымен таныстырды. Топ басшылары өз реттік нөмірлерін жеребе бойынша суырды. Бізге 6- реттік нөмір түсті. Уақыт оздырмай, Олимпиаданың I туры - «Таныстыру» да басталды. Регламент бойынша әр топ өз топтарын таныстырды. Олимпиадаға 9

команда қатысуға өтініш білдірген. I тур аяқталған соң 15 минуттық үзіліс беріліп, ілешала II тур да басталыпта кетті. Бұл турда студенттер Қазақстан тарихы мен дүниежүзілік тарихы курсы бойынша тестілік тапсырмалар орындады. Тест тапсырмаларын белгілеп шыққан соң ұйымдастырушылар кофе-брейкке шақырды. Бұдан кейін барлық қатысушыларды Университеттің Археология және этнология мұражайына апарды. Мұражай экскурсоводы мұражай жәдігерлерімен таныстырып, студенттерді танымды дәрісімен

қызықтыра білді.

Түстен кейін бағдарлама бойынша олимпиаданың III туры – Үй тапсырмасын орындады. Әр топ регламент бойынша «Ұлы Дала өркениеті: бастауынан осы күнге дейін» тақырыбында жобаларын қорғады. Осылайша Әділ қазы алқасы бүгінгі турдың қорытындыларын жария етті. Нәтиже жаман емес. Ең жоғарғы балл-109 «Махамбет ұрпақтары» мен «Сарыарқа қырандарының» еншісінде.

8 сәуір - Олимпиаданың соңғы туры әрі шешуші кезеңі өтті. Бұл турдың тапсырмалары алдын-ала берілмеді. Тур бірнеше бөлімнен тұрды:

1. Қазақ кинофильмдерінен үзінді беріліп, қай кинофильм екендігін анықтау.
2. «Ұлы тұлғалар». Фото-сурет бойынша тұлғаны анықтап, толық мәлімет беру.
3. Командаға берілген пазылдарды құрастырып, қай түрік мемлекеті екендігін анықтап, сол мемлекет туралы толыққанды ақпарат беру қажет.
4. Қазақ әндерінен үзінді беріліп, әннің атын, орындаушысын, авторларын атау қажет.
5. «Миға шабуыл».


Түсікі астан соң қазылар алқасы VIII Республикалық олимпиаданың жұмысын қорытындылады. Қорытынды бойынша және командалар бойынша «Махамбет ұрпақтары» тобы III орынды иеленді. Жекелей сайыста да біздің студенттер үздік нәтиже көрсетіп, алғашқы үштіктің қатарынан табылды. Мәселен, команда мүшелері 07303-топ студенті Қатарова Рысқұл III орын және топ басшысы 04403-топ студенті Абзалов Ернар II орынды қанжығасына байлады. Марапаттау кезінде әділ қазылар алқасының бас төрешісі профессор Нұрсахан Ахметовна тек біздің топтың мүшесі Абзалов Ернарға ерекші ықылас танытып, білімі мен біліктілігін басқа студенттерге үлгі болуға лайықты деген оң пікірін білдірді. Ғалым

топ басшысы Ернарға Әлихан Бөкейхановтың суреті бар жейдесін арнайы тарту етті. Бұл біздің командамыз үшін үлкен мәртебе болды.

Олимпиадаға қатысушылармен, ұйымдастырушылармен естелік суретке түсіп, қош айтысып жол жүріп кеттік. Өкінішке орай, уақыттың тығыздығына байланысты тарихымыздың қастерлі беттерінің бірі Долинка поселкесіндегі Саяси күрлі сүрліп құрбандарын еске алу музейіне (Қарлағ музейі) жолымыз түспеді. Оны келесі сапардың еншісіне қалдырдық.

Біздің «Махамбет ұрпақтары» тобы басқа да Қазақстанның өзге жоғарғы оқу орындарының олимпиадаға қатысушы студенттері мен жетекшілерінің көзайымына айналды. Біздің студенттер өздері сияқты «тарих» мамандығы бойынша өзге жоғарғы оқу орындарының студенттерімен пікір алмасып, өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды. Студенттер ерекше толқыныста, аса ынтазарлықпен қатысып, білім және біліктілік көрсеткіштері бойынша өздерінің бағын сынап, бар мүмкіндігін жіберіп алмауға тырысты. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамындағы ғалымдардың оң пікіріне, ризашылығына беленді. Бұл біздің университеттің берген білім сапасы мен студенттердің біліктілігінің қалыптасуындағы оңтайлы саясатын көрсетеді. Сол үшін «тарих (ғылыми)» мамандығы бойынша 2-4 курс студенттерінің республикалық пәндік олимпиадасына барып қатысуына қаржылай және моральдық қолдау көрсеткені үшін БҚМУ ректоратына және Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасы ұжымына олимпиада шарттары бойынша студенттерді даярлаудағы белсенділіктері үшін үлкен алғыс айтамыз.

Г.Ю. Айбекова,
Топ жетекшісі



Жырымның айнасы

(реквием)

Ақын келді мына өмірге шырағдан,
Аз өмірі өкінішпен құралған.
Көзі барда ұғынбады ешбір жан,
Мөлдір жыры арылмады тұманнан.
Өліп- өшіп сүйетінді өз халқын,
Өлмесе деп өбектейтін өз салтын,
Тас қамалдан талай таяқ жеген-ді,
Бұзамын деп бодандықтың таз қалпын.
Көрінетін жанарынан бір ұшқын,
Жыры өткір ай жүзіндей қылыштың,
Аузын ашса ақ жүрегі көрінген,
Ойы биік, арқалы кең тыныстым.
Жырға толы өмірінде қас- қағым,
Күйін күйттеп, мұңын шертті басқаның,
Жалтақ жандар жатып алып атса да,
Илеуменен өтті өлеңнің пұшпағын.
Сұм тағдыры нақ көрсетпей бір үлгі,
Өзегінен тепкен сайын тірілді,
Көтеріп ап жерге ұрып жатса да,
Алып- ұшып сүйетұғын өмірді.
Намыстан таға салып тұлпарына,
Қарамай алда тұрған қыр тауына,

Сендік мінез ұқсайтын биіктегі,
Мұз қатқан ерімейтін шың қарына.
Қайғыменен қан жұтып өшірген күн,
Ортасында өшу мен өсулердің,
Иірімінен өмірдің шабыт алып,
Қалам ұштап уақыттың көшіне ердің.
Жырлап келіп, жырлап кетті сол ақын,
Қара өлеңнің құйындатып құр атын,
Қазағы үшін жырлап өткен шайырдың,
Ел түсінді муздағы мұратын.
Бүгінде аты шартарапқа таралған,
Орындалды ақын күткен ұлы арман,
Ащы ғұмыр тәттілігін көрсетіп,
Сәл кешірек шықалып тұр аяулы ән...
Өкініштен көз ашпаған мұң ғұмыр,
Шешілмеген түйіні бар сыр ғұмыр,
Сезімімен елжіреткен гүл ғұмыр,
Мұқағали- мәңгі өлмейтін жыр ғұмыр!

Пахманова Назгүл
Вокалдық өнер мамандығының
1 курс студенті

Уважаемые, сотрудники, студенты и магистранты!



Библиотека ЗКГУ им. М. Утемисова имеет полный бесплатный доступ на Polpred.com Обзор СМИ до 15.10.2016 (по IP-адресам).
Готовый баннер можно взять здесь. На баннере должна быть активная ссылка на www.polpred.com.

Polpred.com Обзор СМИ. В рубрикаторе: 53 отрасли / 600 источников / 9 федеральных округов РФ / 235 стран и территорий / главные материалы / статьи и интервью 9000 первых лиц. Ежедневно тысяча новостей, полный текст на русском языке, миллионы сюжетов информгентств и деловой прессы за 15 лет. Интернет-сервисы по отраслям и странам. Читателю доступен индивидуальный логин-пароль. Кнопка «Доступ из дома» — в верхней части сайта.

Научная библиотека

Поэзияның асқар шыңы- Мұқағали Мақатаев



Бүгін менің туған күнім,
Ой бөлі-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!
Банкет жасап берер едім өзім-ақ
Төңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай

«Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын»

М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасында Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдығына арналған және 1 наурыз алғыс айту(ризашылық) күніне орайластырып ұйымдастырылған «Поэзияның асқар шыңы-Мұқағали Мақатаев» атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Бұл кешке ғылыми кітапхана директоры Т. Е. Алимбекерова, кітапхана ұжымы, Батыс Қазақстан облысындағы ЖОО, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары кітапханаларының кітапханашылары, педагогика факультетінің деканы Ергалиева Гүлжан Алғазиевна

және студенттер қатысты. Шара барысында қазақ филологиясының студенттері М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан көрініс көрсетіп көрермендер ықыласына бөленді. Қазақ филологиясының 1 курс студенттері- Аманжолов Әнуар, Орынғали Ақторғын, Шапағат Ақтоты Мұқағалидың жан-тебіренер поэзиясын әр жүрекке жеткізе оқыды. Қазақ филологиясы мен вокалдық өнер мамандығының 1 курс студенттері Жұмагелді Талант пен Пахман Назгүл ақын қиялы мен арманы арқылы сана атаулыны қозғап, Мұқағали мұңы болып жүрекке сапар шекізіп өз актерлік шеберліктерімен жұртшылықты тәнті етті. «Сенің көзің» әнімен аспапта орындау мамандығының 2 курс студенті Хойшин Алтынбек ақын өлеңдеріне әр беріп, көрерменді ғажайып сезімге бөледі. Мұқағали Мақатаев жырларымен сусындап өскен жастарымыз-Лұқпанов Меңдібек, Фылымханов Марлен, Пахман Назгүл ақиық ақынымызға өз жырларын арнап, жүрек жарды туындыларын көпшілікке паш етті. Шара соңында қазақ филологиясының 1 курс студенті Ихсанғалиев Жеңісбек мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың образын сомдап, «Автограф» өлеңін шабыттана оқып көрермендер қошеметіне бөленді. Сөз соңында ғылыми кітапхана директоры Алимбекерова Тоты Еркінқызы барша қатысқан студенттер мен оқытушыларды шараға келген қонақтарды көктемнің алғашқы күнімен, 1 наурыз ризашылық күнімен құттықтап, жүрек жарды лебізін білдіріп, өз алғысын жеткізді. Көрермендер тарапынан сөз алған Ергалиева Гүлжан Алғазиевна рухани байлық сыйлаған кітапхана ұжымына ризашылығын жеткізді.

Ғылыми кітапхана

Videos Taylor & Francis companies Видеоролики компании Taylor & Francis



Уважаемые сотрудники, преподаватели, студенты и магистранты!
Электронные журналы академического издательства Taylor and Francis охватывают широкий спектр научных дисциплин - естественные, прикладные, общественные и гуманитарные. Многие журналы Taylor & Francis имеют импакт-фактор в Journal Citation Reports, некоторые входят в top-10 рейтингов по своим дисциплинам.

Қос ғұмыр

Мұқағалиға

...Ақын дүниеден өткен күні Алматыдағы қарт теректердің біріне жәй түскен деседі...

Әмірхан Балқыбек

Ақындық ғұмыр- азап қой көретіні ұдай.
Жарым асқа да жарымас жұмыр етін-ай.
Қос ғұмырды бір қосақтап бөліп жармастан,
Көрге жіберген Құдайдың құдіретін-ай.

Бірі ағаш еді көктем мен күзге де өкпелі.
Бірі ақын еді сізбенен бізге де өкпелі.
Оранып отқа біреуі, ал бірі аспан,
Өлемін кетті аралап, "ізде" деп мені.

Толы еді кеуден дауылға сұрапылменен.
Тірлікті тілдедім сыйғызбас бір ақылы кем.
Сезімді сезіп сарғайған жапырағынан,
Ұлы өмір жайлы жазар ма еді Ұлы ақын өлген.

Тал, терек қайын, гүлдерге ақындар ғашық.

Dear employees, teachers, students and graduate students!

Electronic journals of academic publishers Taylor and Francis cover a wide range of scientific disciplines - natural, applied, social and humanitarian. Many journals Taylor & Francis has an impact factor in Journal Citation Reports, some are included in the top-10 rankings in their disciplines.

In order to review and search company Taylor & Francis journals has released a video for students and young researchers, which is available for viewing on the links:

<https://youtu.be/Y6mVwKcGdME>
Beginners' guide to journals

Science Library

В целях ознакомления и поиска научных журналов компания Taylor & Francis выпустила видеоролик для студентов и начинающих исследователей, который доступен для просмотра по ссылке:

<https://youtu.be/Y6mVwKcGdME>
Beginners' guide to journals

Научная библиотека

Сезімі кетер пендеміз ақылға ұласып.
Жасынды күні жоғалған асылын іздеп,
Бірімен-бірі қу ағаш жатыр ымдасып.

Жас қайындарға сыр айтып, жаны қысылды.
Пенде емес еді тас кеуде, жаны мүсінді.
Жасынды күні Алматы жылайсын ба сен,
Жапырақтарға жасырып сағынышыңды.

Алатауыңның кетті асып төбесін биік.
Тал, терек сүйді ақынын, мейлі сенбейік.
Махаббаттары соншалық табыт боп соңғы,
Ақ бөзден кейін қалады денесін сүйіп.

Бағасын алмай сол түні ол өлген лайық.
Ол үшін өмір тақпайық өлеңге де айып.
Тамыры күлге оранған бір ғұмыр өліп,
Бір ғұмыр қалды тамырын тереңге жайып.

Меңдібек Лукпанов,
филология факультетінің
3 курс студенті

В АО «НЦНТИ» формируется Казахская база цитирования (КазБЦ)

КазБЦ – это система, в которой собирается и обрабатывается полная библиографическая информация по публикациям казахстанских ученых и специалистов, изданных в отечественных и зарубежных журналах, а также по их пристатейным ссылкам на казахстанских авторов.

Статистические данные КазБЦ позволяют определить публикационную активность и цитируемость отдельных авторов, научных коллективов и организаций, а также импакт-фактор казахстанских журналов.

Импакт-фактор журнала отражает средний уровень цитируемости всех статей,

содержащихся в данном журнале за определенный период, и является критерием качества журнала.

Импакт-фактор за 2012 г по КазБЦ определяется как отношение, знаменатель которого равен числу статей, опубликованных журналом в течение 2010 и 2011 гг., а числитель - число ссылок, сделанных в 2012 г. на эти публикации в источниках, охватываемых данным ресурсом.

Казахстанские журналы реферированы и индексируются в Казахской базе цитирования (АО «НЦНТИ») за 2010-2012 годы.

№	Наименование журнала	Импакт-фактор за 2012
1	Вестник автоматизации	0,151
2	Вестник Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова. Серия физика	0,145
3	Вестник Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова. Серия математика	0,121
4	Химический журнал Казахстана	0,120
5	Вестник Национальной инженерной академии Республики Казахстан	0,117
6	Вестник Казахского Национального университета им. аль-Фараби. Серия физическая	0,114
7	Вестник Национального ядерного центра РК	0,114
8	Доклады Национальной Академии наук РК	0,113
9	Вестник Алматинского университета энергетики и связи	0,101
10	Комплексное использование минерального сырья	0,101
11	Гидрометеорология и экология	0,084
12	Вопросы географии и геоэкологии	0,082
13	Труды Карагандинского государственного технического университета	0,082
14	Почвоведение и агрохимия	0,063
15	Вестник Казахского национального университета им. аль-Фараби. Серия химическая	0,061
16	Вестник Казахского национального педагогического университета им. Абая. Серия Физико-математических наук	0,057

<http://wksu.kz/ru/mscience/41-catbibizd/60-vestnik-zkgu>



ЖАСАМШАЗ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ



Ағымдағы жылдың 8 сәуірінде Ақтөбе қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдығына арналған "Жастар, ғылым және инновациялар" атты Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция өткен болатын.

Аталған конференцияға университетіміздің филология факультетінен 4 курс студенті Бекетаева Сәнді («Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы), 2 курс студенті Нұржанова Райхан («Филология: қазақ тілі» мамандығы) және мен («Филология: қазақ тілі» мамандығы) (осы жолдардың авторы) – үшеуіміз қатысқан болатынбыз.

Конференция жұмысы негізгі 6 бағытта өткізілді. Конференцияның "Қазіргі қоғамдағы жастардың инновациялық деңгейі. Мемлекеттің жастар саясаты: отандық және шетелдік тәжірибе" бағытында өткен секциялық мәжілісте Сәнді «Компьютерлік қарым-қатынас: лингвистикалық статусы, жанрлық кеңістігі, таңбалық мағынасы» тақырыбында, Райхан "Сөз мағыналарының кеңею арқылы терминденуі" тақырыбында, ал мен: "БАҚ беттеріндегі терминдердің қолданылуындағы қателіктер мен емле ерекшеліктері" тақырыбында өз жобаларымызды сәтті қорғап шықтық. Жобалар қорытындысы бойынша Бекетаева Сәнді жүлделі I орынды, Нұржанова Райхан жүлделі II орынды иеленсе, мен «Алғыс хатпен» марапатталдым.

Бұл халықаралық конференцияда Орынбор (РФ), Уфа (РФ: Башқұртстан) жоғары оқу орындарының магистранттары

мен студенттері, сонымен қатар еліміздің Алматы, Қарағанды, Талдықорған облыстарынан және Ақ Жайықтың төрінен біз - М. Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері болып жоғары деңгейдегі ұйымдастырылған конференцияның белсенді қатысушылары атандық, диплом, сертификат, бағалы сыйлықтарға ие болдық.

Болашаққа сенімді беталысы бар Қазақстанның келер күні - тілі мен мемлекетінің өркендей түсінде екені сөзсіз. Ертеңгі елінің өркендей ұл-қыздарының болашағы үшін ең қажеттісі – келешекке нық аяқ басқан мемлекетінің қамқоры мен төл тілінде берілетін жан-жақты әрі сапалы білім. Бұл дегеніңіз – заманның талабына сай жоғарғы технологиялы өндірісті басқару және ел игілігіне жарату мүмкіндігі. Сол себепті, жыл сайынғы өтетін аймақтық конференцияға белсене қатысып, тың жаңалықтарымызбен бөлісіп, әр түрлі салада, әр түрлі бағытта жоба қорғап, өзекті мәселелерді талқылап, өз ойымызбен бөлісіп, еліміздің өркендеп дамуына біз секілді жастар қауымы үлесімізді қоссақ, нұр үстінде нұр болары сөзсіз.

Арайлым Ғани,
02205-топ студенті

Интеллектуальная игра

«Казахстан – независимая, процветающая страна»

14 апреля магистр, преподаватель кафедры русская филология Багдауль Нурхатовна Жаныбекова в группе РЯЛШ – 12 провела интеллектуальную игру «Казахстан – независимая, процветающая страна», целью и задачами которой являются: 1. Воспитание чувства патриотизма, любви и уважения к Родине: обычаям и традициям народов РК, 2. Расширение знаний студентов о своей стране, 3. Активизация творческого воображения студентов. Студенты состязались на знание истории Казахстана, характеризовали памятники культуры и искусства, описывали достопримечательности Казахстана. Игра состояла из 3-х туров:

1. Приветствие команд (команды: Дружба и Родина)
2. Достопримечательности Казахстана

(члены команды рассказывали историю создания памятников культуры и искусства, которые были показаны на экране)

3. Проект – рисунок «Казахстан через 10 лет» (взгляды молодежи на положение Казахстана в мировом сообществе)

В процессе интеллектуальной игры, студенты, приехавшие с других городов Казахстана, узнали много интересного о памятниках культуры и искусства различных городов, нарисовали проект Казахстана через 10 лет их глазами. По итогам игры в атмосфере дружеской конкуренции победила команда "Дружба", а лучшим знатоком признаны Максотова Назым (команда "Родина") и Кобеген Жанылсын (команда "Дружба").

Молдир Амангелдиева,
РЯЛШ-12

«БҚМУ Көктемі – 2016» филология факультеті үшін

Университетіміздегі студенттік көктем фестивалі өтетіні жайлы хабар құлағмызға жеткен күннен біздердің арамыздан қандай өнерге болмасын икемі бар студенттер жинала бастады. Хор ұжымының өнерпаздары қатарына қосылдым. Күндіз-түні бар күшімізді салып, аянбай еңбек еттік.

Айта кетерлігі бұл номинацияда ұлттық композициялар таңдалды: «Терме» және «Жайнай бер азаттық тандары» әндері шырқалды. Ұжымның бірігуі қиынға соқпады, өйткені ұлттық өнердің біздің факультетімізде орны ерекше. Әр күн сайын әр дауыста бөлініп ән айтатын студенттер шыңдалып, бойларына батылдық жиып, кәсіби хор ұжымдарынан кем түспейтін өнер көрсетуге тырысты. Біз барды шыңдауға тырысқан шәкірттер болсақ, жетекшіміз Асылбек Райымбек жоқтан бар жасауға талпынды, оның атқарған еңбегінде шек жоқ. Еңбегінің жемісі ретінде тәлімгеріміз «Үздік

дирижер» номинациясына ие болды. Өйткені, біздің басқа факультеттердің хор ұжымдарына қарағанда композиция орындау барысында өз ерекшелігіміз болды. Қазылар алқасы да мұны ескерусіз қалдырмады. Біздің факультетке тағайындалған тәлімгер мәдениет және өнер факультетінің 1-курс студенті болса да, бойындағы бар қабілетін бізге дарытуға ұмтылды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлігімізді ту қылып ұстап, факультетіміздің артқан үмітін ақтадық, бұған дәлел фестивалдің салтанатты жабылу рәсімінде филология факультеті жүлделі бірінші орынға ие болды!

Рахмет саған, «БҚМУ Көктемі – 2016»!

Жеңісбек Ихсанғалиев,
ФИЛ-11

Why I Chose to Become a Teacher...

My choice to become a teacher was not made lightly. This decision was a culmination of a process of reflection about what I wanted to do with my life. I have chosen a career in education because I believe that it is one of the most important functions performed in our culture. I believe that teachers individually and collectively have the ability to not only change the world, but to improve it. Within the process of teaching, I hope to find both personal and professional renewal. I want to be a part of a noble profession with the hope of one day being counted among those in whom future teachers find inspiration.

Many of the great teachers that I have had throughout my education have become my heroes and role models. I began to understand university that great teachers have skills that I wanted to learn. I want to follow their examples. I remember that great teachers were good at explaining content, were patient yet firm with students, were always fair, set high expectations, knew how to motivate, and used humor appropriately. They were great communicators who had a command of their subject matter content. This is the type of teacher that I intend to become. However, I understand that my personal teaching style will evolve as I draw on my own strengths, knowledge, skills, values, and experiences.

I want children to learn in a safe and comfortable environment so that their self-esteem will be

increased. A high self-esteem will enable them to strive for and accomplish any goals they set for themselves. As a teacher, I will play a part in helping them to do that. I will have the privilege of shaping future parents and productive members of society. For all of these reasons, I ask myself, what better job could there be. My answer is none because teaching is more than a job. It is an important contribution I can make to better our society, and I am excited about the opportunity to do so.

The chance to inspire another human being is not an opportunity it's a challenge. There are too many educators that haven't accepted this challenge, and it needs to change. Students go to school because they are forced to. Many times learning is not their top priority, but the teacher's job is to teach. Students are always learning. Unfortunately, it just may not be what the teacher is teaching. Since this is the case, a teacher must not only know his or her content area, they must also be prepared to teach other "things". Things, such as character, morals, etc., which may prove to be more valuable than knowledge itself. This is the reason I want to become a teacher... I want to inspire the children who will represent the future of our great nation.

Dina Kapezova,
4th course student, faculty of philology

Бізді жұмылдырған "БҚМУ Көктемі-2016"



Студенттік көктем фестивалі өтеді деген хабарды естіген сәттен филология факультеті қызу дайындықты бастап кетті. Әр номинация бойынша дарынды, талантты балаларды іздеп, олардың бойындағы өнерді шыңдауға тырысып еңбектендік. Сабақпен қатар дайындықты алып, "шаршай" деген сөзді ұмытып, университетке күнделікті таңмен келіп, кештетіп шығушы едік. Жүргізуші, биші, күйшілерді әрлі-берлі сүйреп, үлкен сахнаға шығарып факультет намысын қорғау үшін біраз тер төттік. Қолымыздан келмей, қиналған кездеріміз де болды, бірақ есе бермедік. Концерттіміздің күні жақындаған сайын барлығымыз қобалжу үстінде жүрдік. Бірақ, факультет үшін аянбадық! Жанымызды салдық! Деканымыз Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлының бізге артқан сенімін, үмітін ақтауға тырыстық.

Әр бөлімнен жиналған студенттер күн арта бір-бірімен жақсы араласып, дос болып,

бір-біріне жанашыр болып кетті. Біз жеңіске сенімді қадам бастық. Бір ай көлемінде өткен дайындығымыз ағымдағы жылдың 19 сәуірінде бір сағат ішінде өтіп кетті. Қолдаушылар саны көбейіп, зал аншлаг болды. Концер өте жоғары дәрежеде өтіп, қатысушылар нағыз мамандардан кем түспей, әділқазылар жоғары бағалады.

Қорыта келе айтарым бір ай көлеміне созылған фестиваль өз мәресіне жетіп ФИЛОЛОГИЯ факультеті жүлделі 1 орынға ие болды.

Фестиваль аяқталды, бірақ біздің арамызда үлкен достық қалыптасты.

Рахмет саған, естен кетпес "БҚМУ Көктемі-2016"!!!

Зульфия Набиулина
Филология факультеті, шет тілдер
бөлімінің студенттік деканы

Бетті дайындаған: Айша Кемешова, ФИЛ-12



Жарқын әлем

тарих, экономика және құқық факультеті
факультет тарихи, экономика және құқық факультеті

«Махамбет ұрпақтарының» жүлдесі

2016 жылдың 7-8 сәуір аралығында Қарағанды қаласы Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары студенттерінің VII Республикалық студенттік пәндік олимпиадасында 5B020300 - «Тарих» мамандығы бойынша тарих факультетінің студенттері жүлделі III орынға ие болды.



Батыс Қазақстан өңірінің тарихына шолу жасады, Жайық қалашығындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстырып, өңірімізден 2012 жылы табылған «Алтын ханшайымға» тоқталып өтті. Жобаны бағалау барысында әділ-қазылар алқасы мүшелері дән риза болып, топқа өте жоғары деген баға берді. Және соңғы, төртінші тур «Зияткерлік сайысы» деп аталды, ол өз ішінде 5 бөлімнен тұрды. 1) Қазақстандық киномотографтардың түсірген киноларын табу 2) Ұлы тұлғалар 3) Пазлды сұрақ 4) Әуезді сайыс 5) Миға шабуыл. Сайыс барысы өте қызықты әрі күрделі дәрежеде өтті.

Пәндік олимпиадаға республикамыздың әр аймағынан келген көптеген командалар қатысты, атап өтер болсақ: Астана қаласы, Еуразия Ұлттық университетінен «Бәйтерек» тобы, Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінен «Тенгри» тобы, Қарағанды қаласы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен 2 топ, одан бөлек, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан, Түркістан т. б қалалардан топтар қатысты.

Біздің тобымыз, БҚМУ тарихшылар тобы-«Махамбет ұрпақтары» деп аталды. Айбекова Гульфия Юсуповнаның жетекшілігіндегі топ IV курс студенті- Абзалов Ернар, III курс студенті-Қатарова Ырысгүл, және II курс студенттері-Дузбасова Айдана мен Сагінтаев Султан сияқты студенттерден тұрды.

Аталып отырған олимпиада сайыстары 2 күннен, 4 турдан тұрды. Бірінші тур «Сәлемдесу». Бұл сайыста топтар бірі- бірінен оза шауып өздері оқитын оқу орындарын, топ мүшелерін таныстырып өтті. Сәлемдесу бойынша тобымыз ең жоғарғы балға ие болып, топ бастады. Екінші тур «Тест сынақтары» деп аталған екен. Бұл сайыста топ мүшелеріне Отан тарихынан 50 сұрақ, Әлем тарихынан 50 сұрақ берілген. Топтық жұмыста әр топ ұйымдасқан түрде жұмыс жасап, алғырлық көрсетті. Ал, үшінші тур «Ғылыми жоба. Ұлы Дала Өркениеті: бастауынан бүгінге дейін» деп аталды. Мұнда топтар берілген уақыт ішінде тақырыпқа сәйкес жоба қорғап шығуы керек етін. Ерекше атап өтетін болсақ, бұл бөлімде біздің тобымыз

Сонымен, екі күндік сайыс нәтижесі бойынша, жүлделі I орынға «Сарыарқа қырандары» тобы, II орынға «Бәйтерек» және «Тенгри» топтары, III орынға «Махамбет ұрпақтары» тобы лайық деп табылды.

Тобымыздың 2 мүшесі жеке марапатқа, Абзалов Ернар II орынға және Қатарова Ырысгүл III орынға ие болды. Және бір атап өтерлік жайт, барлық студенттердің ішінен жалғыз біздің топ басшысы Абзалов Ернар ерекше көзге түскені үшін қазылар алқасы төрайымы- Нұрсахан Ахметқызынан бата алып, Әлейхан Бөкейханов бейнеленген футболкаға ие болды. Студенттер сайыстан үлкен тәжірибемен және зор ынтымақпен оралды.

Қазақстан Тарихы кафедрасының 25 жылдық тарихында ғылыми тарих мамандығының студенттері алғаш рет республикалық олимпиадаға қатысып, мерейтой қарсаңында жүлделі орынға ие болуымен ұстаздар қауымына қуаныш сыйлады.

«Махамбет ұрпақтары» тобының студенттері Қазақстан тарихы кафедрасын 25 жылдық мерейтойымен құттықтай отыра, олимпиада дайындаған Байболсынова Альфия Сабыргалиевнаға ерекше алғыс білдіреді.

Айдана Дузбасова,
тарих , экономика және құқық
факультетінің II курс студенті

Факультетаралық пікірсайыс турнирі

Сәуір айының 23-24 жұлдызы күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің бас ғимаратында «Студенттік көктем- 2016» атты байқау аясында «Ақиқат» Жастар қоғамдық бірлестігі факультетаралық пікірсайыс турнирін ұйымдастырды. Турнирге жалпы 5 факультеттен командалар қатысты. Екі күнге созылған турнир облыс бойынша алғаш рет 3 форматпен Британ Парламенттік формат (БПФ), Американдық Парламенттік формат (АПФ) және Линкольн-Дуглас (ЛД) форматтарымен өткізілді. Бірінші раундтан Тарих экономика және құқық факультеті ең жоғары ұпаймен жартылай финалға шықты. Өздерінің озық ойлы, сөзге шешен екендіктерін дәлелдеп, біздің факультет финалда топ жарды. Физика-математика факультетімен финалдық ойын болып, «тарих» мамандығының 4 курс студенті Сәбит Махамбетов жетекшілігімен Тарих, экономика және құқық факультеті жүлделі 2 орын иемденді. ЛД форматы бойынша 32 қатысушыдан басып озып спикерлік балы жоғары 4 қатысушы қатарына факультетімізден



Нұржанат Талапова, Сымбат Амалова жоғары деңгейде финалдық ойын көрсетті. Марапаттау болып, «тарих» мамандығының 4 курс студенті Ернар Абзалов «Үздік төреші» номинациясы, «Қаржы» мамандығының 1 курс студенті Нұржанат Талапова «Үздік спикер» номинациясы бойынша марапатталды. Тарих, экономика және құқық факультеті Ақиқат тарихының тұғырында екенін дәлелдеді.

Сымбат Амалова,
Тарих мамандығының 2 курс студенті

«Декан кубогі» пікірсайыс турнирі

Тарих, экономика және құқық факультетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері арасында «Декан кубогі» атты пікірсайыс турнирі өткізілді. Турнирге М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті тарих, экономика және құқық факультеті деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сабыргалиева Назгүл Бақтығалиқызы, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сүлейменов Мergen Қуанышұлы, қалалық, облыстық, республикалық пікір-сайыс турнирлерінің жүлдегерлері мен жеңімпаздары, университет студенттері және мектеп оқушылары қатысты.



Турнирдің бағдарламасына сәйкес ашылу салтанатын құқықтану мамандығының 1 курс студенті Жандаберенов Мұхтар және менеджмент мамандығының 2 курс студенті Нұрланова Айтөлкын жүргізді. Сонымен қатар мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 1 курс студенті Әділханов Нұрбол «Ақиқатқа арнау» деген өлеңін оқыса, тарих мамандығының 2 курс студенті Зальмуханова Альбина қазақтың киелі домбырасымен «Адай» күйін тартып, аймақтану мамандығының 1 курс студенті Шайқы Ақерке әуезді әнін шырақпады. Бір таңғаларлығы, осы өнерлі студенттердің барлығы «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» Жастар қоғамдық бірлестігінің пікірсайысшылары еді.

Ашылу салтанаты барысында алғашқы сөз алған тарих, экономика және құқық факультеті деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Назгүл Бақтығалиқызы «Декан кубогі» пікірсайыс турниріне қатысушыларға сәттілік тілеп, факультет тарапынан «Болам деген жастардың бетін қақпайтындығын» тілге тиек етіп, жылы лебізін арнады. «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мergen Қуанышұлы «Декан кубогі» атты пікірсайыс турнирін ұйымдастырушыларға алғысын білдіре отырып, пікірсайыс өнерінің елімізге, өңірімізге келу тарихы, даму кезеңдері жөнінде маңызды деректерімен бөлісті. Жастардың жан-жақты жетілуі үшін осындай іс-шараларды ұйымдастыруда әрдайым қолдау көрсетілігін басты назарға ұсынды.

Турнирге қатысушы фракцияларға (командалар) тіркеу жұмыстары ұйымдастырылды. Қатысушы ретінде жалпы 17 фракция (команда) тіркелді.

Турнирдің бас төрешісі, республикалық пікірсайыс турнирлерінің жүлдегері Қажкенев Оралхан Арманұлы турнирдің шарттарымен таныстырып, қатысушы фракцияларға (командаларға) жеребе таңдауды ұсынды және әділ төрелігін айтатын төрешілерді таныстырды.

Турнир I, II, III раунд ойындарынан және

жартылай финал мен финалдан тұрды. Оған арнайы дайындалған бес қарар айналды. III раундтан соң 8 фракция ұтымды идея, айқын басымдылықпен оза шауып жартылай финалға өтті. Жартылай финалдан озық ойлы, көш бастап тұрған 2 фракция «Нүкте» мен «Қызық үшін» финалда бақ сынасты. Финалда ойнатылған қарарда (БП Мемлекет керек болғанда жалпы ақпаратты өшіріп тастау дұрыс деп есептейді) екі жақ та толықтай ұтымды пікірлерімен көзге түсті.

Турнирдің қорытындысы бойынша 1-ші орынды - «Қызық үшін» (финанс мамандығының 1 курс студенті Талапова Нұржанат, құқықтану мамандығының 1 курс студенті Тлеғенова Гулназ), 2-ші орынды - «Нүкте» (құқықтану мамандығының 1 курс студенті Жандаберенов Мұхтар мен менеджмент мамандығының 2 курс студенті Нұрланова Айтөлкын),

3-ші орынды - «Жарық жұлдыз» (педагогика және психология мамандығының 2 курс студенті Жақсылық Айым, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 1 курс студенті Джакасова Алтынай)

фракциялары иеленді.

Қатысушылардың әділ бағасын беріп, төрелік еткен тарих мамандығының 4 курс студенті, республикалық пікірсайыс турнирінің жүлдегері Махамбетов Сәбит «Үздік төреші» атанды. Өз ойын тиянақты жеткізіп, белсенді ойын көрсеткені үшін «Үздік спикер» номинациясын спикерлік ұпайы жоғары болған Жандаберенов Мұхтар иеленді. Жеңімпаз командалар арнайы сыйлықтармен марапатталып, естелік фото-суретке түссе, басқа қатысушы командалар үлкен тәжірибе жинақтап, ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдірді.

Рысгүл Қатарова

Тарих, экономика және құқық факультетінің тарих мамандығының 3 курс студенті, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің мүшесі



Ел болашағы- салауатты ұрпақ

Тәуелсіз Қазақстан елінде өмір сүріп қана қоймай мемлекетті гүлдендіруге, әрі қарай дамытуға, болашағын жарқын етуге жастар өз үлесін қосуы тиіс. Елдің дамуына жастардың денсаулығы да байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салтын қалыптастыру. «Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде» дегенді есіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті дарыту баршаның борышы. Бүгінгі дені сау ұрпақ елдің ертеңгі жалғасы. Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпақпен байланыстырады. Біздің елімізде жас ұрпақтан көп үміт, жаңа, тың идеялар, салауатты өмір сүру деңгейінің жоғарғы сатысын күтеді. Басты байлығымызға балаған денсаулығыздың қамын ерте кезден ойлағанымыз абзал, яғни, жас буындардың денсаулығын жастайынан қадағалауымыз керек.

Салауаттылық- саулық келілі, ал саулық-байлық негізі. Жаны сұлу, тәні сұлу ұрпақ аманат еткен тәуелсіз еліміздің алтын кілтін жоғалтпай, көк туын көкке қарай биік көтеретініне сенімдімін. Жастар- болашақта апаратын алтын көмір іспеттес. Біздің өміріміз өз қолымызда. Дені сау ұрпақтан әрдайым дені сау, жігерлі ұрпақ тарайыны белгілі. Сондықтан мемлекетті гүлдендіріп, дамытудағы басты назар салауатты өмір, салауатты ұрпақ қалыптастыра білу.



Азаматты жұтатын ақдаһалардан сақтанып, денсаулығы мықты, рухы жоғары, рухани бай ұрпақ болайық.

Сымбат Амалова,
тарих мамандығының II курс студенті

Вектор развития Казахстана с учетом основных положений Плана нации

Казахстан вступил в 25-й год независимости с новой мечтой, которая тождественна главной цели реализуемой Стратегии-2050. К середине XXI века, по словам Президента, Республика Казахстан планирует добиться вхождения в число 30 самых развитых государств мира.

Это стало и всенародной мечтой, получившей в ходе досрочных президентских выборов, состоявшихся в апреле 2015 года, поддержку абсолютного большинства казахстанцев. Движение к новой мечте началось с разработки Плана нации – 100 конкретных шагов по реализации 5-ти институциональных реформ, которые прокладывают магистральный путь к решению комплекса исторических задач, изменят Казахстан, его экономику, государство и общество в целом.

План нации служит фактически конкретным руководством, своего рода «дорожной картой» модернизации страны. План нации структурирован в методологическом плане, в нем Президент не только определил приоритетные направления к казахстанской мечте, но и обозначил конкретные механизмы реализации ожиданий казахстанцев от результатов этих реформ.

Глава государства детально, обстоятельно, доступно и откровенно, рассказал о большой подготовительной работе к реализации Плана нации. Напомним, что с 1 января 2016 года вступили в силу 59 новых законов, тем самым началось выполнение Плана нации по реализации пяти институциональных реформ.

Первая реформа - Профессионализация государства. Она направлена на повышение эффективности государственного аппарата

на основе нового Закона «О государственной службе». Указом Президента созданы Министерство по делам государственной службы, а в его структуре – Национальное бюро по противодействию коррупции. Тем самым модернизирована система не только государственной службы, но и противодействия коррупции, которая будет максимально ориентирована на предупреждение коррупционных проявлений.

Вторая реформа - Правопорядок и законность. Суть этой реформы заключается в том, чтобы независимое правосудие и вся правоохранительная система Казахстана были нацелены исключительно на обеспечение прав и свобод граждан, строгое исполнение законов и укрепление правопорядка. В плане ее законодательного обеспечения приняты новый Гражданский процессуальный кодекс и новый Закон «О Высшем судебном совете». Внесены необходимые изменения в Конституционный закон «О судебной системе и статусе судей», Уголовно-процессуальный кодекс и Кодекс об административных правонарушениях.

Большой объем работы связан с третьим реформаторским направлением – комплексом преобразований по обеспечению индустриализации и экономического роста. Важное значение будут иметь меры, направленные на улучшение налогового и таможенного

администрирования.

При антимонопольной службе будет создан новый институт – согласительная комиссия, что обеспечит объективность и прозрачность решений, принимаемых по итогам расследований нарушений антимонопольного законодательства.

Серьезным стимулом для развития фермерства и всего аграрного сектора стали изменения, внесенные в Земельный кодекс. Так, новые правовые нормы дают возможность более 224 тысячам действующих субъектов АПК приобрести в частную собственность 97,4 миллиона гектаров арендованных ими земель.

Для сохранения жизнеспособных производств и рабочих мест разработан новый механизм урегулирования неплатежеспособности в досудебном порядке.

Ключевыми механизмами приватизации станут размещение акций на фондовом рынке и через открытые аукционы. С учетом новых механизмов начата реализация Комплексного плана приватизации на 2016–2020 годы. В рамках этого документа в конкурентную среду будут переданы 65 наиболее крупных компаний государственной собственности - АО «Байтерек», АО «КазАгро», а также 173 дочерних и зависимых организаций.

Центральным вопросом третьего направления Плана нации является создание международного финансового центра АСТАНА с независимой судебной системой, собственной юрисдикцией на принципах британского права с применением английского языка и внедрением принципа инвестиционного резидентства.

В целях интеграции Казахстана в международные транспортно-коммуникационные потоки начат проект по созданию мультимодального Евразийского трансконтинентального коридора. Он обеспечит беспрепятственный транзит грузов из Азии в Европу, снизит стоимость доставки груза более чем в 2 раза.

Смысл четвертой реформы направлен на укрепление казахстанской идентичности и единства граждан, возложенная, прежде всего, на Ассамблею народа Казахстана.

Пятая реформа направлена на формирование транспарентного и подотчетного государства.

Таким образом, практический этап реализации Плана нации начался. Он будет идти под контролем Национальной комиссии по модернизации.

От всех государственных органов, общественных институтов и граждан будут востребованы слаженность действий, настойчивость, креативность и упорство.

Президент призывает всех казахстанцев, нас всех, принять самое активное участие в реализации Плана нации и проведении реформ, пользоваться теми возможностями, которые они открывают. И тогда мы добьемся нашей казахстанской мечты и процветания нашего Казахстана!

Г.И. Нестеренко,
к.э.н., доцент,
А.А. Турченко,
доцент, к.э.н.,

Серпін сыңғыры



Біз «білім - ғылым - инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз
Н.Ә.Назарбаев

Жексенбілік демалыс



Демалыс күні таңғы жаттығудан басталған бұл күнде студенттерді 5 командаға жасақтап, топпен бірге түрлі ойындар өткізілді. Таныстыру, эстафеталық ойындар, арқан тартыс, турникке тартылу сынды спорттық шаралар мен

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Серпін жастары бос уақыттарын қалт жібермей, жексенбі күндерін сәтті өткізу үшін университетіміздің агробиостанция көшенінде болып қайтты.

қызықты тренингтер, ән, би және «Аралдар» ойынындағы тапсырмалар да студенттердің көңілінен шықты. Шараға қатысқан студенттер жұдырықтай жұмылып белсенділік танытты. Спорттық ойындардың ұйымдастырылуы бірден-бір игі шара екені даусыз.

Бұл ойындардың бір сәт болса да студенттерімізді серпілтіп, шынықтырады хақ. Шараны ұйымдастырудағы басты мақсат - салауатты өмір салтын ұстанған, дені сау келер ұрпақты қалыптастыру.

Серпін жастарымен кездесу



Кездесуге бағдарлама бойынша білім алушы барлық студенттер және университет ұстаздары қатысты. Кездесу барысында студенттерге «Болашақ» бағдарламасымен білім алу, «Серпін -2050» мемлекеттік

Сәуір айының 8 жұлдызында «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының Республикалық үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Абдуламитұлы Әбенев М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Серпін – 2050» жобасы аясында білім алып жатқан студенттермен кездесу өткізген болатын.

бағдарламасының мақсаты мен міндеттері туралы мәлімет берілді. Студенттер өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды және өз ұсыныстары мен тілектерін білдірді. Мұрат Абдуламитұлы бағдарламаның басты мақсаты – жұмыссыздықты жою, жұмыспен қамту екендігін тілге тиек етіп, жастардың жарқын болашағы үшін құрылған жобаның берері мол екеніне кәміл сенетінін, жастарға мол үміт артатынын мәлімдеді.

Өнерлінің өрісі кең

Өнер – халық тарихының асыл шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның ішкі дүниесінің әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихының көзіндей болып, алуан түрлі сыр шертеді. Өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарих сахнасына айналады.



«Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» - демекші, өнерлі жанның өмірі өрнекке толы, өмірі өзгеге үлгі болары анық. Қазақ халқы өнерден құр алақан емес. Халқымыздың қанына сіңген құдіретті өнері ауыз толтырып айтарлық. «Әу!» демейтін қазақ жоқ демекші, біздің қалқымыз күміс көмей, жез таңдай әншілігімен, мың бұралған бишілігімен, күмбірлеткен күйшілігімен, «сөз қадірін-өз қадірім» дейтін шешендігімен мәлім.

Қаны қазақ, жаны қазақ біздің Серпіндік

жастарымыз да өнерден кенде емес. Бойына барлық игі қасиеттерді сіңіре білген жастарымыз жетерлік. Олардың ортасында мың бұралған биші, жез таңдай әнші, домбыраның құлағында ойнаған күйші, азуы арынды, қаламы қарымды арқалы ақын да кездеседі. Студенттердің бойындағы талантын тану мақсатында сайыстар, іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл өнерлінің шырағын жағып, өрісін кеңейтері даусыз. Өнерлі ұрпақ - елдің жарқын болашағы. Өнерлі ұрпағы бар ел – өркеніетті ел болмақ!

Шынықсаң, шымыр боласың!

Серпіндік жастардың арасында университетішілік көктемгі «Аламан - 2016» фестивалінің «Шынықсаң, шымыр боласың!» атты бірінші кезеңінде волейбол, футбол, тоғызқұмалақ секілді ойын түрлерінен сайыс өткізілген болатын.



Сайысқа қатысқан студенттеріміз жұдырықтай жұмылып, белсенділік танытты. Біздің студенттеріміз - спортты жанына серік еткен, «Денсаулық - зор байлық», - деп білетін ойы отты, жанары жалынды жастар.

Спорттық ойындардың ұйымдастырылуы бірден-бір игі шара екені даусыз. Бұл ойындар арқылы бір сәт болсын студенттерімізді серпілтіп, шынықтырамыз хақ. Шараны

ұйымдастырудағы басты мақсатымыз - салауатты өмір салтын ұстанған, дені сау келер ұрпақты қалыптастыру. Бұл секілді шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

«Шынықсаң, шымыр боларсың, жауыңды тез-ақ жығарсың», - деп ұлтымыздың кемелді келешегі мен жарқын болашағы үшін дені сау ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты міндетіміз. Ұлт болашағы – жалынды жастардың қолында!



Ел тұтқа

Махамбет жыры – халық үні



Өтемісұлы Махамбет батыр – бастан-аяқ қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қандыкөйлек жолдасы. Махамбет өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызулы адам екен.

Халел Досмұхамедұлы

Махамбет – қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі... Махамбет жырлары – өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы. Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған ақын болған емес. Алды да, арты да – бір өзі.

Мұхтар Әуезов

Махамбет қай жағынан болсын ерте оянып, ел ісіне ерте араласқан және керекті кезеңдерде ел басын қосуға шебер ұйымдастырғыш қабілеті мейлінше күшті жастардың бірі саналады. Махамбет

жас болса да жалынды ақын, жарқ еткен талант екендігін ел тез таниды, оның даңқы жастан-ақ шығады. Махамбет – ең алдымен, халқын, Отанын сүйген патриот ақын.

Қажым Жұмалиев

Махамбеттің тамаша, ірі адамгершілік қасиетінің біреуі – ол досына жанын қияды, досының дәрежесін өзінен жоғары ұстап, досының атақ-абыройын, жігер-қайратын өзінің алдына сала өзінен жоғары көтере сөйлейді.

Сәбит Мұқанов

Қазақ даласындағы азаттықшыл ақыл-ойдың бас сардарларының санатында айбынды ақын Махамбет алдымен ауызға ілігеді. Оның жан-жүрегінің түгел баурап алатын өжет те өктем жырлары әлі күнге сай-сүйегінді сырқыратар бостандық дұғасындай пәрменді естіледі.

Әбіш Кекілбаев

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында Махамбеттен асқан ақын жоқ. Бұл шындықты әр қазақ та, бар қазақ та мойындап болған.

Зейнолла Қабдолов

Махамбет – қазақ әдебиетінде жаңа ағын әкелген ақын. Ол – азаттықтың, Исатай бастаған көтерілістің жаршысы. Өзіне дейінгі жыраулардың суреттеу мен сипаттаудан тұратын дәстүрін пайдалана отырып, Махамбет поэзияға азатшылдық, күрескерлік рух әкелді. Махамбеттің заманы – мүлде басқа заман. Ол кезде

қазақ мемлекеті жоқ. Орысқа бодан болған кезіміз. Егер бұрын мемлекетті күшейту керек болса, енді азаттық үшін күресіп, отаршылдықтан құтылу керек болды.

Сейіт Қасқабасов

Махамбет өзінің болмыс-бітімін ең алдымен ел мүддесіне қызмет етуге бағыттаған, сөз құдіретін, өзінің поэтикалық дарынын төңкерісшілердің қаруына, идеологиялық үніне бейімдеген.

Иманғали Тасмағанбетов

Махамбет халық көңілінің тұңғығындағы ең асылын – еркіндікті, теңдікті, жақсы тұрмысты аңсаған арманын, ата жауына деген қаны қатқан өші мен кегін, азаматтың антқа берік адалдығы мен арыстандай ерлігін көкке көтере мадақтады. Махамбет жырларын оқыған адам тез тұтанып, терең тебіреніп, Исатай сарбаздарының сапында айқасқа кіргендей, жеңіс қуанышын, жеңіліс күйігін бірге кешкендей сезінеді. Ақынның құдіретті сөзінің күні бүгінге дейін сыры кеткен жоқ, сыны түскен жоқ.

Берқайыр Аманшин

Махамбет жырларының құдіреттілігі – арман-аңсарының заманалық кесектігінде. Ұлттың азаттығы мен халықтың әлеуметтік теңдігін Махамбеттен терең жырлаған, Махамбеттей жеткізе жырлаған ақын қазақ топырағында некен-саяқ.

Ақселеу Сейдімбек

Әзірлеген: **Зарина Рахметова**, «ФҚТ», 02305-топ

Наука – море

Подружишься с наукой – всего достигнешь

Уважаемые коллеги, студенты! Изменения на рыночной основе, произошедшие в стране за последние два десятилетия, безусловно, повлияли на экономическую и социальную сферу, в том числе и на образование. Как говорил великий педагог Ахмет Байтұрсынов, соревновательный дух в образовании во время рыночных отношений приобретает ярко выраженный характер конкуренции. В настоящее время эффективность работы высших учебных заведений строится не только на привлечении абитуриентов. Качество образовательного процесса, соответствие мировым стандартам в научно-методическом плане, новаторство, участие в сфере бизнеса – все должно отвечать поставленным задачам в высшей степени. Значит, повышение инновационного потенциала, укрепление связей с производственными предприятиями, улучшение политики абитуриентов. Качество образовательного процесса, соответствие мировым стандартам в научно-методическом плане, новаторство, участие в сфере бизнеса – все должно отвечать поставленным задачам в высшей степени. Значит, повышение инновационного потенциала, укрепление связей с производственными предприятиями, улучшение политики абитуриентов. Качество образовательного процесса, соответствие мировым стандартам в научно-методическом плане, новаторство, участие в сфере бизнеса – все должно отвечать поставленным задачам в высшей степени. Значит, повышение инновационного потенциала, укрепление связей с производственными предприятиями, улучшение политики абитуриентов.

работ в сфере образования и инновационных действий. Обязанности: подготовка прикладных исследовательских проектов в области гуманитарных наук, участие в научных конкурсах; предоставление публикаций в издания с высоким рейтингом, входящих в базу данных Thomson Reuters, Elsevier, Springer, Scopus; подготовка научно-педагогического, информационно-познавательного журнала «Исатай-Махамбет»; работа с молодыми учеными; привлечение магистрантов, студентов к научно-исследовательской работе; проведение внутривузовских конкурсов научных работ «Лучший ученый года», «Лучший ученый-студент», «Лучшая кафедра», «Лучший факультет»; организация круглых столов, семинаров, конференций, симпозиумов, конгрессов по проблемам гуманитарных научных исследований. Безусловно, работа в рамках ИГИ «Махамбет» не ограничиваются вышеперечисленными мероприятиями...

Дорогой коллега, молодой друг! Если Вас заинтересует какая-либо отрасль науки, если хотите окунуться в мир знаний, если хотите проверить свои способности в сфере науки, обращайтесь в институт гуманитарных исследований «Махамбет». Мы рады Вас приветствовать по адресу: пр. Достык, 162, учебный корпус №8, кабинет №411. Контактные телефоны: 8(7112)26-03-68. Факс: 8(7112)51-42-66, e-mail: mahambet_jeni@mail.ru.

Қадірлі әріптестер! Ендігі кезекте «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтына келіп түскен университет ғалымдарының ғылыми жоба тақырыптарын қоса ұсынуды жөн санадық. Олардың кейбірі төмендегіше:

1-жоба (проект). Риск ориентированный подход в оценке и минимизации угроз отывания доходов, полученных преступным путем (Научный руководитель – Нугманова Марина Кажмуратовна, зав.кафедры учет и финансы, к.э.н., доцент)

2. Оценка социально-экономического сотрудничества Казахстана и России в рамках Евразийской интеграции (Нестеренко Галина Ивановна, декан факультета истории, экономики и права, к.э.н., доцент)

3. Альтернативная источники энергии (Шамакова Насиса Гумаровна, к.э.н. (РФ), ст.преподаватель)

4. Студенттерге құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында «Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті» (Оңғарбаева Клара

Мухамедьярқызы, з.ғ.к., доцент)

5. Разработка стратегии развития компании нефтегазодобывающего комплекса Казахстана в условиях ценовой волатильности на мировом рынке нефти (Буланова Надежда Константиновна, к.э.н. (РФ), ст.преподаватель)

6. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси-шаруашылықтық науқан зардаптары – шетелдік мұрағат деректерінде (Айдарова Шолпан Әбдрәшитқызы, т.ғ.к., аға оқытушы)

7. Тюркязычные народы в составе населения Западно-Казахстанской области (Тукешова Назгуль Мукатаевна, к.и.н., старший преподаватель)

8. Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің тарихы: маңызы, барысы, тағылымы (XVIII-XX ғ. басы) (Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы, т.ғ.к., БҚМУ доцент)

9. Культурно-сакральные памятники регионов Западного Казахстана (ЗКО, Атырауской и Мангистауской областей) в археолого-этнографическом аспекте (Бижанова Алия Ермековна, зам.зав. кафедрой истории РК, к.и.н.)

10. Забайкалье майданына батыс қазақстандықтардың қатысуы: тарихы мен сабақтары (Журасова Алтынай Шұғайқызы, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент)

11. Продвижение имиджа ВУЗа (на примере ЗКГУ им. М.Утемисова) (Журасова Алтынай Шугаевна, к.и.н., доцент)

12. Культурное пространство города как проявление конфессионального разнообразия (Нурғалиева Агила Мустахимовна, д.и.н., доцент)

13. Составление «Атласа исторических памятных мест ЗКО» (Журасова Алтынай Шугаевна, к.и.н., доцент)

14. Составление энциклопедии «История ЗКГУ им. М.Утемисова в лицах» (Мухлисина Захат Кошкенбаевна, к.и.н., доцент)

15. Проблемы социальной адаптации сельского мигранта в городе (Шайхиев Турар Тулегенович, доцент)

16. Формы повышения эффективности гуманитарного сотрудничества ЗКО и

приграничных областей РФ (Науанова Курманай Мадеевна, к.филос.н., доцент)

17. Коррупция как механизм социальной деградации (Науанова Курманай Мадеевна, к.филос.н., доцент)

18. Оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқушылықты алдын алудың жолдары (Молдағалиев Байжан Айдынғалиұлы, п.ғ.к., доцент)

19. Здоровьесберегающие технологии на занятиях физической культуры (Демченко Людмила Валерьевна, старший преподаватель кафедры физвоспитания)

20. Здоровье студенческой молодежи – залог будущего благосостояния (Байтлесова Нурсулу Куспановна, старший преподаватель, доцент ЗКГУ)

21. Корреляционные отношения между уровнем физической подготовленностью населения ЗКО и биологическим возрастом (Мельников Владимир Леонидович, к.б.н., доцент)

22. Учебная оперная студия (Ворфоломеева Ольга Викторовна, старший преподаватель, аспирант)

23. Научная и информационно-образовательная среда мобильности студентов исполнительских специальностей вузов искусств: Казахстан-Россия. (ЗКГУ им. М. Утемисова, Казахстан-Саратовская государственная консерватория им. Собинова, Россия) (Ворфоломеева Ольга Викторовна, старший преподаватель, аспирант)

24. Возраждение традиционной технологии казахского гончарного ремесла (Хабдашев Нұрдуәлет Асқарұлы, магистр – преподаватель)

25. Изготовление современных изделий из войлока в этническом стиле (Файзуллина Эльвира Елемесовна, магистр – преподаватель)

26. Батыс Қазақстанда үлгілі атты әскер полкының құрылуы мен оның материалдық – техникалық жабдықталуы (Айтиев Еркек Сатбайұлы, т.ғ.д., профессор)

Ғылыми бөлім

“Махамбет дауысы” (“Голос Мухамбета”- “Makhambet's voice”) қосымшасының жауапты редакторы - Зарина Рахметова (“ФҚТ”, 02305-топ), тілшісі-Ақбаян Таймұханова (“ФҚТ”, 02305-топ).
Ғылыми кеңесші - А.С. Қыдыршаев, “Махамбет” ГЗИ директоры



Бауыбек Бұжымшев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынұв

Журналист

(Journalist)

№4, сәуір, 2016 жыл

Ынтымалы жүрекке

Ойлы сөзге үңілсек...

Настоящий мастер своего дела следит за ходом беседы, как рыбак за течением реки и не задерживается там, где нельзя ожидать улова.

Р. Стивенсон, шотланд жазушысы, ақын

Көл ағысын бақылай отырып, қай жерде балық аулау тиімсіздігін сезсе, сол тұсқа көп тұрақтамайтын балықшы іспеттес, өз ісінің хас шебері әңгіме барысын жіті бағдарламақ.

Аударған, әзірлеген: А.С. Қыдыршаев, п.ф.д., профессор

Келешек маман көзқарасы

Арман жетегінде

Филолог - көркем тілдің төресі. Көнеден қазіргі дейінгі қазақ әдебиетімен, тілдің қыр-сырымен сусындап жатқан студенттерміз. Келешек тіл мамандарымыз.

Студенттік шақ талмай ізденіп, ерінбей еңбектеніп, жарыса жаңа идеяларды ортаға салатын сәттерге толы болуы шарт. Әйтпесе, жоғары оқу орнында оқып жатыр деген атың болмаса, алдағы уақытта қажетсіз маманға айналуың мүмкін. Яғни, қай сала болмасын, мақсатқа орныққан үздіксіз іс-әрекетті қажет етеді, оның үстіне журналистика саласы күрделірек. Журналист болсам деген жас, жаңашылдыққа жақын болып, өз ортасын таңқалдыруы тиісті. Журналистика – қайнаған шығармашылықтың ордасы. Көсібі шыңға шығу үшін, білім биіктігі қажет.

"Адамға екі нәрсе тірек тегі,

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректен" демекші, қызыл тілмен көркемөздің шебері болып, елдің иықты журналистерінің қатарына қосылу тең жартымызға мақсат. Өмірдегі өзекті жайттарды талқыға салып, тереңдей түсу маңызды. Журналистика ұғымы туралы айтқанда тұрпаты ерек, мағынасы терең сөз өнері елестейді. Бұқаралық ақпарат құралдарының майталман маманы болу - екінің біріне бұйырмайтын бақ. Алдымен табиғи қабілетті, кейін әдебиет пен тіл әлеміне сүйіспеншілікті, әрі қарай қарым-қабілет пен ізденісті талап ететін журналистика саласына бейім жастар жыл санап артады.

Қазақтың көрнекті тұлғасы, публицист Ахмет Байтұрсынұлы: "Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ қорға, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды" деп, газеттің әлеуметтік-қоғамдық өмір саласындағы алатын орнын жоғары бағалаған. Басылымға жан бітіретін журналист мамандығының да маңызы көрініп тұрғандай.

Менің пайымымша, журналист дегеніміз, қарапайым халық пен билік арасындағы баспалдақ. Елдің мұңын мұңдайтын да, жоғын жоқтайтын да, қуаныштың жаршысы да, әрекетсіз істің қамшысы да, сай сүйегі сырқыраған жандардың қамын ойлаушы да, жағымды жаңалықты жеткізіп, ел мерейін тасытып тойлаушы да солар. Олардың қоғамдағы орны зор. Жеке басының жағдайын түбегейлі жасамай, елдің мүддесі үшін өзгенің

мәселесімен зыр жүгіретін белсенді қауым өкілдері. Елдің ертеңін ойлап, ұлтының қамы үшін олық жеп жүретін де кәсіп иелері.

Иә, осындай тізбектелген статусқа лайықты адам болу үшін, біраз ой мен қол еңбегінің керек болатындығы сөзсіз. Бүгінгі күнде, осы бір қызығы мен шыжығы үзегі қағыстырып келе жатқан саланың маңын жағалаушылар сапындамыз. Осы сәттен бастап орамды ойлар мен түйсікті тесіп бара жатқан талқылаулар, жанды жадыратар жаңалықтар мен пайымды пікірлерді қағаз бетіне түсіретін уақыт жетті. Іздегенге сұраған демекші, бүгінгі таңда осы саланың тарихына үңіліп, қыр-сырын оқытатын, тәжірибелі маманға жүгініп, баспа ісінің теориясын ойға тоқтатын "Журналистикаға кіріспе", "БАҚ-тың стилі" атты қос пән оқу жүйемізге қосылды. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, облыстық "Жайық ұстазы" газетінің бас редакторы Таубаева Ақмаржан Бақытқызы сынды тәжірибелі ұстазымыздың жетекшілігімен аталмыш пәнді ынтамен оқудамыз. Газет өмірінің қайнаған тыныс-тіршілігі, қалай жарық көретіндігі, қандай баспа арқылы шығатындығы, таралымы, оның редакторлары мен тілшілері, жазған мақалалары секілді тақырыптар сөз етіліп, сабақ үдерісі қызықты өтеді. Пән оқытушысының өзі осы саланың нағыз маманы болғандықтан, журналистік өмірінен естеліктер мен жүргізген зерттеулерінен де ақпарат беріуі күнды. Топ студенттері болып ұйып тыңдап, еліміздегі тек қана газет ісі емес, тележурналистика, радиожурналистика жөніндегі мәселелерді қозғай ой бөлісеміз. Арамызда жазуға бейім, болашақта журналист болуға ынтызар студенттердің бар екендігі байқалады.

Журналистиканың төркініне зер салып, сөздің көркіне ден қойып, талайға арман саналар бұл мамандықтың алғашқы сатысына да енгендейміз. Ақмаржан алайымызбен маржан сөздің мәйегін теріп, қалам ұштайтынмызға сенім мол. Филологияны бітірген түлектің жартысы осы салада қызмет еткісі келетіндігі анық. Жүректені нмет пен ойдағы мақсатқа мүмкіндік беруші осы курстардың оқу бағдарламасына енгізілгені қуантады. Армандау артық етпейді, бәлкім, жас журналистен хас журналистке айналып кетерміз, кім білген?!

Мөлдір Латифова,
студент

Перзент тілегі

Туған жерім – тірегім

Балғын бала шағымның, жарқын жастығымның куәсі – Туған жерім! Саған деген шексіз сезімдімді жылдап жырласам да тауыса алмасым анық. Жүруге жанынып құлағанда, тіземді сүйген топырағыңды, қиялдап болашаққа қанат қақсам, армандап аралар тау-тасыңды, шөлікесем жанымның шөлін басар мөлдір суыңды сүймеймін десем, жалған сөйлегендігім болар! Білектей қос бұрымымды өпкен самал желіңді еркін жүту, өзгере тәуелді болып жалтақтамай неткен бақыт! Рухты бабаларымның қанымен, қайсар батырларымның шыбын жанымен, аяулы аналарымның көз жасымен жеткен бұл мекен бізге – Аманат. Туған жер – Тағдырымыз. Ал, тағдырымызды талан-таражға салмай ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз. Жаратқаным туған топырағымызда өзгелердің тайраңдауынан, жан-жақтан сұқтанған суық көздерден, арам

пиғыл мен қара ниеттілерден, бүлік салып бүлдіретіндерден, Отанымызды от пен оқтан сақтай гөр! Бірлігіміз бен берекемізден айыра көрме!

Жаратқан, сақташы, елімді Ібілістен, арам ойын асырған, Жамандардан арам ойын жасырған. Сұғанақ көз, тосын келген еліме, Дауылдар мен жасыннан. Тағдырымды талқан етпе, Тәңірім! Қашан да сенің биік тұрады қадрің, Бірлігің бұзба, тыныштық болсын жерімде, Жүрсінші, Аллам, әмірің! Қорған болсын қазаққа қазақ қана, Онсыз да халқым менің аз-ақ қана, Қыздарың күң, ұлдарың құл болмасын, Тілегім осы-ақ қана!

Мөлдір Серікқалиева,
«ФҚТ» мамандығы, 02305-топ

Қыз – ұлт ұяты

Құр ажардан не пайда, қызда ақыл болмаса?!

Заманның жаңаша жолға бағыттауына орайлас алға адымдап келеміз. Ғасырдың небір ғаламаттары пайда болып, парасат-пайымға да әсерін тигізуде. Жаңа дәуір, жаңа көзқарас, жаңа өмірдің келбеттері көрініс табуда. Заманына қарай адамды әрі амалы деген. Ұлттық рухани құндылықтар, таза табиғи дүниелер табан астында тапалып бара жатқандай. Бұл-қасірет. Төл болмысынан айырылған ұлттың өркендегенін қайдан көрдіміз?! Еліміз деп өміренер жандардың жанайқайы бітпес. Қазбалы берсең, қынжылтатын жайттар жеткілікті. Алаш аспанына төнбек қара бұлттарды санасам, жарқын болашақтан үмітімді үзіп алам ба деп қорқам. Негізгі ойым – жалпылама жағдай емес. Сан алуан мәселелер қаптап жатқанда, қазақтың аймандай аруының ажалы жұртты аң-таң қылғаны аян. Күні кеше Оралдың ортасында болған абыройсыз өлімнің түрі –өзежкарды мәселе. Қаражатын қайда шашарын білмей, ажарын артық қылам деп, тыртық қылғандар қаншама. Әпкеміздің әдемі болуы үшін жасалған керексіз әрекетінің арты қайғыға ұласты. Марқұмға кіне артадан аулақпын, ол да қара жер астына көмілуді қаламағаны аян. Дегенмен, осы оқиғаның түбіне тереңдей бойлап, бөліскім келеді.

Сыртқы сұлулықты кім сүймейді? Әйел атаулы өзінше тырысып бағады, әдемілік ер азаматтарға да жағады. Осы бір ұғымның табиғаттан тарту боп келетіндігін біле тұра, өзгертуге тырысатындығымыз бар. Жаратқан Иеміз адамды жаратарда кескін-келбетін үйлестіріп береді емес пе? Кімге де болсын, нықтап тұрып қарасаң, өзіне тән сұлулығы жоқ. Соны сезініп, мейлінше көрігіңді көркемдендіре түсу керексің, әсіресе, қыздар қауымы. Қазір, шіркін, қалаған бейненді көре аласың айнадан. Көздің үстіне кірпік жалғап, қасымызға қалаған форма салдырта аламыз, тырнағымызды түрлі суретпен кестелеп, қысқа шашымызға бұрымды да қондырта аламыз. Оған қоса, бет пішінді ота арқылы өзгерту секілді сан алуан екпелер де шықты. Қысқасы, қаражатыңыз жетіп тұрса, іштей армандаған «сұлулыққа» қол жеткізе аласың. Бүгінгі бойжеткен – ертеңгі ана.

Ой-толғау

Он жылдан кейін кім болам?

«Армансыз адам – ормансыз бұлбұл». Армансыз адамның адымы алға басып, жүрісі жылжи қоймасы белгілі. Көңіл тереземіз көңілсіз һәм көлеңкелі жақта болса да арман бізді адастырмайтын. Қашан да сол арманның жетегінде, сол арманның құшағында тербеліп келешекке нық баса келетінбіз. Бала кезімізде көрші баланың ала добына қолымыз жетсе екен деп тіледік, есейе келе, белгілі бір маман иесі болсақ дедік, ал есейіп ер жеткен соң, артымызда қол бұлғап қалған балалығымыздағы арманға біржола қайшы, кереғар армандар ойымызда туып жатты. Қалай? Қандай? Ол енді өркіміңіз өз санасыңда, ой түйсігіңде.

Сіздермен балалық арманыңмен, сол арманның жолындағы іс-әрекетімен бөліскім келеді. Он жылдан кейін кім боламын деген мазасыз ойымды ақтарғым келеді. Мен он жылдан кейін кім болам? Мен он жылдан кейін қазақтың мүддесін ойлайтын, Махамбетше айтсам, "қара қазан мен сары бала" қамы үшін атқа қонатын, қарыңдас үшін қылышын кетеріп, ата-анасы үшін айбалтасын қолына алатын азамат болғым келеді. Білемін, сіз мені бейшараға теңеп, күлерсіз. Күліңіз! Осылай талайлар күлген. Талайлар күліп жүріп, кү түсінен құшақтаған. Адам іске көшпестен бұрын ойлауы керек. Қазақ үшін қанын төккен Қайрат та осылай армандаған, Айға ұшқан Айдын Айымбетов ағамыз да осылай ойлаған. Олар ойлады, іске асырды. Арман! Патриот! Он жылдан кейін өмірім қазіргіден әлдеқайда бөлек боларына сенем. Қасымда аяулы жарым, жалынды ұл-қызым, ардақты ата-анам болып, солардың тіреуіне айналып, мамандығымның білікті иесі болғым келеді.

Он жылдығымының алғашқы жылдарында мен жоғары оқу орнын жақсы аяқтап, қалалық жерде жұмысқа орналыстым. Мектебім қаладағы көп көзге түсе бермейтін, қатардағы мектеп. Білім ошағына күдіретті күш, жалын жүректің иесі болып келдім. Үстінде ата-анамның қаржысына алынған ең соңғы костюм, қолымда сөмке. Мектепке келдім, бәрі қуанып қарсы алды, оқушылар, мұғалімдер, мектеп қызметкерлері, тек бір-екілі әріптестерім қызғанышпен күмәнмен қарап тұр. Алғашқы күннен өзімді мектепке бейімдедім, мектеп мені тәрбиеледі. Қызметіме кірісіп, сабағымды жоғары дәрежеде өткізіп алғашқы сәттен бастап бәрін таң қалдырдым. Оқушыларды бірізділікке, білімге баулыдым. Әлі күліп отырмысыз?!

Жылжып жылдар өтті. Бақандай бес жыл. Қарапайым мұғалімнен мектеп директорының орынбасарлығына көтерілдім. Шынайы еңбегіммен. Көп қиналдым, көп сүріндім. Тәрбие жөніндегі орынбасарлық жұмыста көптеген қиындықтар кездесті. Ессіз балалар, ерке мінездер! Бетімен кеткендерді жеке қабылдап, сөйлесіп, өмірге көзқарастарын өзерттім. Бір кезде теңтекті құрған балалар білімге бет бұрды. Қаншама баланың тәрбиенің арқасында білімге, өнерге құлшынысы ояңды. "Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы" деген осы. Мен әр баланың санасына "Сендер елдің ертеңіңдер, келешегіңдер, мәңгілік елдің мәңгі ұрпағысыңдар" деген ой тастадым. Шәкірттерімнен досымдай сырластым. Кейіннен шәкірттерім көп жетістіктерге қол жеткізді. Қуандым. Әлі күліп отырмысыз?!

«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Мөлдір Латифова («ФҚТ», 02305-топ). Кеңесшісі – А.С. Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.



Мөлдір Латифова,
«ФҚТ», 02305-топ

Арманымың тоғызыншы жылында менің жеке кітабым жарық көрді. Оған дейін шыққан жинақтарым мен риза емес ем... Бұл-нағыз еңбектің жемісі. Жазушылар одағының оң бағасын алған кітабым көп сұранысқа ие болды. Жастар іздеп оқыды. Өйткені ол шынайы шындық күйінде жазылды. Шығармашылық кешімде кітабымың тұсауы кесілді. Шәкірттерім жырын арнап, өзім тәрбиелеген шәкірттер өлеңімді жатқа оқып жатты. Мен дән риза болдым...

Арманымың оныншы сатысында мен жоғары жетістікке қол жеткіздім. Кеудеме тағылған медаль жүрегіме қуаныш сыйлады. Мектеп директоры болып тағайындалдым. Шығармашылығым одан сайын шыңдалып, ұл-қызымының мақтанышы, жарымның арқасүйері болдым. Мойныма түскен ауыр жүкті арқапал, өз ісімді абыроймен орындадым. Мектебім ауданнан мадақталып, облыс көлеміне танылып, республикаға аты шықты. Оқушыларым ғылыми конференциядан, пәндік олимпиададан, спорттық, мәдени шаралардан жоғары жетістіктермен оралып жатты. Өзімнің ақын шәкірттерімің алғашқы жинақтары да шығып жатты. Қуанышымда шек болмады. Талабым таудай екендігін көбінің көзі жетті. Сонымнан орынсыз өсек те ерді, мадақтаулар да қоса жүрді. Мойымадым. Қайта шыңдалдым! Адал еңбегім бағасыз қалмады. Үнемі санамнан ғалым Ақселеу Сейдімбек ағаның "Менің әмиянымның жұқалығы – арымның тазалығы" деген дана сөзі кетпей қойды. Тек жақсы жағынын көрініп Елбасының ұлт жоспарын дамытудағы қадамдарына өзімше бай үлес қостым. Сіз әлі күліп отырмысыз?! Маған күлемін деп өзіңіздің ауылдық жерде құрылысшы болып қалғаныңызды сезбей қалдыңыз. Сіз енді ес жиа бастағанда, мен келесі он жылдығымының арманын құра бастадым. Қазақта «Ақылды данадан сұра, дана рұқсат етсе, баладан сұра» деген бар. Бала болып бас болсам, несі айып?! Ендеше, ойланайық, жас дос! Еліміз бізге үміт артып отыр... Келешек біздің қолымызда!

Мендібек Лұқбанов,
«КТӨ», 02301-топ

6 апреля – Международный день спорта

Праздник спорта в ЗКГУ

Международный день спорта наши студенты отметили соревнованиями по волейболу, организованному спортклубом университета. В первенстве приняли участие смешанные команды всех шести факультетов.

Командные игры всегда имели среди молодежи большую популярность. С наступлением теплых дней поле, или просто «коробка», занято любителями футбола. Студенты гоняют мяч в любое свободное время. В спортзалах царит волейбол, именно этот вид спорта, по словам руководителя спортклуба ЗКГУ И.С.Абдрахманова, имеет наибольший успех в коллективе и является самым массовым.

Игра прошла с большим успехом. Места распределились следующим образом. 1 место заняла команда факультета истории, экономики и права, второе место завоевала команда педагогического факультета, третье место у естественно-географического факультета.

-Хотелось бы отметить, что с каждым годом растет интерес студентов к спорту. Соревнования показали, что волейбольные команды факультетов стали сильнее, студенты заинтересованы в победе и подходят к тренировкам с большой ответственностью. Это очень радует, - сказал руководитель спортклуба ЗКГУ И. С.Абдрахманов.

Открытый турнир по дзюдо – в стенах ЗКГУ

23 апреля состоялся открытый городской турнир по дзюдо на приз ректора ЗКГУ, при поддержке городского акимата, посвященный 25-летию Независимости Республики Казахстан.

На мероприятие были приглашены ветераны спорта, старейшие преподаватели педагогического факультета, прославленные спортсмены, руководство университета.

С приветственной речью выступил первый проректор Асет Сембаевич Тасмагамбетов. Он пожелал ветеранам нести высоко знамя спорта в преддверии празднования юбилея независимости страны, участникам – больших спортивных побед.

По словам Азата Тагымбергенолы Казиханова, руководителя горспорта Уральска, открытый городской турнир совместно с ЗГУ проводится впервые.

-Соревнование посвящено 25-летию Независимости республики и имеет большое воспитательное значение в духе патриотизма. Пропаганда спорта и физической культуры неразделимы с соревнованиями, на которые привлекаются широкие массы молодежи.



Камеш Исмагулович Исмагулов, жизнь которого посвящена спорту, воспитанию молодежи, явился главным организатором турнира, главным судьей соревнований. Его имя широко известно в спортивной среде области и республики. Камеш Исмагулович, Жубанышали Жардемович Жардемов, другие ветераны

спорта, педагоги отдают все свои силы для воспитания молодых спортсменов, нового поколения чемпионов.

В соревновании приняли участие дзюдоисты (мужчины, юноши) районов области, спортсмены ЗКГУ.

Соб. инф

Көрермендерді тамсандырған жарыс

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортты дамыту Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салықалы саясатының басты бағыттарының бірі. Кешегі Жолдауда да спортты дамытуды баса атап көрсетті.

Ел басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы халқына арналған бұқаралық спортты дамыту «Қазақстан - 2050» халықтың денсаулығын жақсарту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, кең байтақ егеменді еліміздің Батыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысында бой көтерген, 80 жылдық тарихы бар, әлемге әйгілі Қарашығанақ кен орны орналасқан Бөрлі ауданының орталығы Ақсай қаласында 14-16 наурыз аралығында өткізіліп отырған бір спортшылар жасөспірімдер мен жастар, қыздар және ардагерлер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты үш күн бойы, бұрын-соңды болмаған, жарыс мерекесін дүркіретіп өткізді. Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне ұйымдастырушылар бар күшін салып бақты. Жарысты ұйымдастыру мен өткізуді Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен қол күресі және бір спортты федерациясы президенті, Бөрлі ауданының әкімдігі қолға алып, демеушілер тарапынан көмек көрсетілді. Атап айтар болсақ, «Автомаг» компаниясының басқармасы – (бастығы Эдгар Жақсылықұлы Галиев), «Өрнек Ақсай» - (бастығы Ерік Сембіұлы Исалиев), магазин «Байтерек» - (бастығы Нұрбек Серібайұлы Омаров) секілді азаматтар және аудан әкімшілігі (аудан әкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев) көп еңбек сіңірді, елдігімізді көрсетуімізге бар күш-жігерін салды. Сонымен қатар, келген командаларды үйлеріне қонақ қылған жекелеген азаматтар да болды, аудан мерейін асыратын шараға бүкіл ел болып атсалысты. Сөзім дәлелді болу үшін Ақсай төрінде орналасқан, құт дарып, қасиет қонған, көгінде көк туы желбіреген №3 ЖББОМ – мектеп директоры Шиганакова Надежда Александровна басшылық ететін мектеп ұжымы көп жылдан бері облысымыздың спорт орталығына айналған. Облысымыздың дәл осы аймағында маңызы зор жарыстар өтуде. Қатты қуантатыны, спорт залында қандай бәсеке өтсе де, оның деңгейі тек жоғары болады. Өйткені оқушылар, оқытушылар құрамы мен мектеп қызметкерлері арасында қонақтарға деген құрмет көрсету, инабаттылық, кішіпейілдік қалыптасқан. Бұл жергілікті спорт саласында жасалынып жатқан ауқымды жұмыстың желісі деп білемін. №3 мектеп спорт залында 14-15-16 наурыз аралығында жиналған көрермен, бір тас көтеру спортты жұлдыздарын жақыннан көріп бұрын тек қана теледидардан көретін аңызға айналған Қазақстан Республикасының қол күресі және бір спортты федерациясының вице-президенті, жарыстың бас төрешісі Құрманғали Әміргалиұлы Батырбаев, «Құрмет» орденінің иегері Бір спортшылар Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Мұрат Жұмағалиұлы Қазиев (Ақтөбе), «Құрмет» орденінің иегері, Бір спортшылар Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Серік Нұрғалиұлы Абдахин (Астана), Қазақстанның көк байрақ туын

талай желбіреткен, биік көтерген Қазақстанды Бір көтеру спортшылар әлемге танытқан 10 дүркін әлем чемпионы, Қазақстанға еңбек сіңірген спорт шебері Кресс Владимир (Павлодар) дәл қастарында жүрсе, ал кейбіреулері суретке түсіп қалуға тырысып жүр. Үлкен-кішіні елең еткізген бұл жарыстың бір ерекшелігі, мұнда бір көтерудің есептеудің жаңа жүйесі қолданылуда. Бұл әділ бағалауға мүмкіндік беретінін айтады төрешілер.

Бүгінгі әңгімеміз бір спортты туралы болғандықтан, әңгімемізді осы арнаға қарай бұрғанды жөн көріп отырмыз. Жарысқа келетін болсақ, 160 майталман спорт шеберлері бақ сынаған бұл чемпионатқа: СҚО, ШҚО, ОҚО, БҚО, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Ақмола, Алматы, Ақтөбе облыстардан және Астана қаласынан командалар қатысты. Соңғы кезде қаршында даму жолына түскен бір спортты түрімен айналысушылардың көбеюі көңіл қуантады. Ашылу салтанатында алғашқы құттықтау сөзді алған аудан әкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев аталмыш мерекеміз құттықтап, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыстың бас төрешісіне әділ баға берудің тапсырды. Жерлесіміз Ақсай қаласының тұрғыны, Бір спортшылар ҚР бірнеше дүркін жеңімпазы, спорт шебері, әлем чемпионатының күміс жүлдегері Алмагүл Шамғоноваға Бөрлі ауданы әкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиевтің алғыс хатымен марапатталды.

Одан соң Қазақстан Республикасының қол күресі және бір спортты федерациясының вице-президенті жарыстың бас төрешісі Құрманғали Әміргалиұлы Батырбаевқа беріледі.

- Мемлекетіміздің бұқаралық спортты дамыту, ұлт саулығын нығайту, салауатты ұрпақ тәрбиелеу жөніндегі стратегиялық саясатын жүзеге асыруға сіңірген елеулі еңбегі үшін, бір тасын көтеру халықаралық имиджін бекітуге көрсетіп жүрген тұрақты қолдауы үшін Қазақстан Республикасының қол күресі және бір спортты федерациясының алғыс хатымен Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімі Марат Бақтығалиұлы Түсіпқалиев марапатталады. Республика гимназиясында, спорттық жарыстың басталғаны жарияланды. Жарыстың ашылу салтанатынан соң көрініс бірден қызып сала берді. Тіпті қатысушы командалардың ішінде осалы жоқ деп айтсақ, қателеспен болар едік.

Тартысты өткен жарыс та аяқталып, жеңімпаздар анықталды. Бізге ұсынған деректерге жүгінесек:

Жекелеген салмақтар бойынша:
Жастар (1994-1997 ж.т. және одан төмен)
Гр салмағы 32 келі, +32 келі
«СШ» Ахметов М. (63 келі) Көрермендерді тамсандырған жарыс) Астана (жаттық, Абдахин С.Н.)
«СШ» Кульдеев Н. (68 келі) Қызылорда (жаттық, Омирбаев Ж.К.)
«СШУ» Головин А. (73 келі) СҚО (жаттық, Глывяк А.Я., Лаузан А.В.)
«СШ» Рындин И. (78 келі) Астана (жаттық, Абдахин С.Н.)
«СШ» Слепых В. (85 келі) СҚО (жаттық, Гутевин С.В.)
«СШ» Кангаш И. (95 келі) Қостанай (жаттық,

Батырбаев К.У.)
«СШУ» Бекетов Н. (+95 келі) СҚО (жаттық, Глывяк А.Я.)

Жасөспірімдер (1998-1999 ж.т.)
Гр салмағы 24 келі, +24 келі
I-раз. Алекса И. (48 келі) Қостанай (жаттық, Батырбаев К.У.)

СШУ Петрушин А. (53 келі) Қостанай (жаттық, Комаров О.Ю.)
СШУ Жунусов Н. (58 келі) Павлодар (жаттық, Кресс В.Э.)
СШУ Сентябрев Г. (63 келі) Алматы (жаттық, Горяев Д.С.)

СШУ Ескаков Д. (68 келі) СҚО (жаттық, Кобаль Е.И.)

СШУ Орынбасар Қ. (73 келі) ОҚО (жаттық, Серикбаев М.)

СШУ Касумов Т. (78 келі) Қостанай (жаттық, Комаров О.Ю.)

СШУ Төлеген Г. (85 келі) Қостанай (жаттық, Шпилевой А.И.)

I раз. Щербинин Н. (+85 келі) Ақмола (жаттық, Жумабеков Б.Т.)

Қыздар арасында (1994 ж.т. және одан төмен)
Гр салмағы 12 келі

СШУ – Скутина А. (48 келі) Қостанай (жаттық, Комаров О.Ю.)

СШУ – Стрелко А. (53 келі) СҚО (жаттық, Кобаль Е.И.)

I-раз. – Наумова М. (58 келі) СҚО (жаттық, Глывяк А.Я.)

СШУ – Сулейменова М. (63 келі) Ақмола (жаттық, Жумабеков Б.Т.)

СШУ – Нохрина Н. (68 келі) СҚО (жаттық, Глывяк А.Я.)

I-раз. – Дементьева В. (+68 келі) СҚО (жаттық, Глывяк А.Я.)

Ардагерлер арасында (жас мөлшері 40-тан-50 жасқа дейін, 50-ден – 60 жасқа дейін)

Гр салмағы – 24 келі

СШУ – Абдахин С. (73 келі) Астана (жаттық, Петров И.Ф.)

СШУ – Качуровский В. (85 келі) Қостанай (жаттық, Карпенко С.В.)

СШ – Давыденко С. (95 келі) Қостанай (жаттық, Карпенко С.В.)

СШУ – Пастухов В. (+95 келі) Астана (жаттық, Абдахин С.Н.)

Ардагерлер арасында (60 жас және жоғары)
Гр салмағы 16 келі

I раз. – Ухов В. (73 келі) Павлодар (жаттық,



Батышев В.С.)
I-раз. – Мукамбетжанов Р. (85 келі) ШҚО (өз еркімен)
СШУ – Баковский Г. (95 келі) Қостанай (жаттық, Шапиловой А.И.)

Жарыс соңында жарыстың үздік ойыншылары анықталды:

Атап айтар болсақ: Жастар арасында: «Үздік тәсілдері үшін» - Головкин Артем (СҚО) Жасөспірімдер арасында: Сентябрев Геннадий (Алматы)

Қыздар арасында – Сулейменова Меруерт (Ақмола)

Ардагерлер арасында – Абдахин Серик (Астана)

«Үздік жаттықтырушы» номинациясына ие болғаны үшін – Глывяк Андрей (СҚО)

«Үздік төреші» номинациясына ие болғаны үшін – Мукамбетжанов Рысқали марапатталды және Қазақстан Республикасының қол күресі және бір спортты федерациясының вице-президенті, жарыстың бас төрешісі Құрманғали Әміргалиұлы Батырбаев арнайы сыйлыққа ие болды.

Жалпы командалық есеп бойынша бас жүлдені – Қостанай облысы иемденсе, күміс – Ақмола облысы, ал қоланы Батыс Қазақстан облысы қанағат тұтыпты.

Сөйтіп, ауданда өткен Республикалық чемпионат өз мәресіне жетті. Үш күн бойы Ақсай өңірін спорттық думанға бөлеген спортшылар қауымымын аудан халқы қиамстан қолдасты.

Асқар Халиоллаұлы Әбубәкіров

БҚО Орал қалалық білім беру бөлімінің

жаңалықтарын бұқаралық ақпарат құралдарына

жариялаушы болып табылады.

Ардагерлер спорт басқармасының мүшесі.

КОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Ақсана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Ақзия Адилевна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

РАХАТ КАМЕНОВ

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.

Тел.:50-41-46